

## Әділетті Қазақстан

Ынтымағы жарасқан қоғам құрамыз десек, біз заң мен тәртіпке мүлтіксіз бағынуымыз қажет. Бұл – Әділетті мемлекет құрудың ең басты қағидаты.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

### ● ПРЕЗИДЕНТ



## ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕРЛЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

2

### ● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ  
Ерболат ДОСАЕВ

Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 11 мамыр күні сағат 9.00-де «Қалқаман-2» ықшамауданы, Ілтипат көшесі, 42 мекенжайдағы №208 мектеп-гимназиясында өтеді. Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Наурызбай әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

### ● ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



## «САРЫАТАН-ЗАУЗА»

24

### ● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

11.05.2023

Түнде:



**+14+16 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



**+29+31 °C**  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:**  
0-5 м/с

12.05.2023

Түнде:



**+15+17 °C**  
Көшпелі бұлтты, өткінші  
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



**+28+30 °C**  
Көшпелі бұлтты, өткінші  
жаңбыр, найзағай.



**Желдің жылдамдығы:**  
3-8, күндіз екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №58 (6351) 11 мамыр, бейсенбі, 2023 жыл. | [www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)

### ● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚТЫҢ ТЕҢДЕССІЗ ҮЛГІСІ

Ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету – перзенттік борышымыз



Алматыда Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 78 жылдығы кең көлемде мерекеленді. Дәстүр бойынша негізгі мерекелік іс-шаралар 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта өтті. Осы жерде шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен Мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылды.

12-13

### ● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖӨНДЕЛЕДІ

жолдар уақытша жабылады



«Қыстың қамын жазда ойла» демекші, ескірген құбыр, тозығы жеткен құрылыстарды ауыстырар тиімді кезең де осы шуақты күндер екені белгілі. Сондықтан сала мамандары қыс мезгілінде үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін қазірден бастап іске кіріскенді жөн санайды.

4

### ● ҚЫСҚА...

- Президент 17 мамырда Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен барады.
- Бүгін ҚР Парламенті Сенатының кезекті отырысы өтеді.
- Үкіметте ветеринариялық және фитосанитарлық қадағалау функцияларын біріктіру мәселесі талқыланды.
- ПМ Алматы академиясында киберқауіпсіздік бойынша мамандар дайындайды.
- Астанада ONDEU EXPO өңдеу өнеркәсібінің халықаралық көрмесі ашылды.
- Шаһарда 13 мамырда мектеп баскетбол лигаларының ақтық кезеңі өтеді.
- Алматыда 11 мамырда ҚР VI Жазғы Паралимпиада ойындары басталады.
- VI Жазғы Паралимпиадаға еліміздің 20 өңірінен 1000-нан астам спортшы қатысады.
- Алматы Орталық стадионында «Running Clinic» жүгіру мектебі өткізіледі.

[www.almaty-akshamy.kz](http://www.almaty-akshamy.kz)







## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

## ■ ПРЕЗИДЕНТ

*Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Жеңістің 78 жылдығына арналған парадқа барды. Белгісіз жауынгер бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.*

Ел Президентінің көршілес елге сапары Ұлы Отан соғысы кезінде ірі шайқастар болған Ржев округіндегі тарихи жерлерге барудан басталды. Мемлекет басшысы 100-ші және 101-ші дербес атқыштар бригадасының құрамында соғысқан қазақстандық жауынгерлерге арналған Мемориалдық кешенге, Трубино деревнясындағы Бауырластар зиратына гүл шоқтарын қойып, боздақтардың рухына тағзым етті. Мемориалда «100-ші және 101-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері мәңгі жадымызда сақталады. Сіздерге алғысы шексіз қазақстандықтар атынан» деп жазылған. Ескерткіш тәктаның оң жағына Қазақстан картасы бар панно орнатылған. Онда 1941 жылы екі бригада жасақталған Алматы және Ақтөбе қалалары, сондай-ақ елордамыз – Астана қаласы белгіленген. Осы бригадалар сапына Қазақстаннан шақырылған 9312 жауынгердің есімі мәрмәр тақталарға қашалып жазылған. Ал Бауырластар зиратындағы ескерткіште «1941–1945 жылдары неміс-фашист басқыншыларынан Ржевті азат ету үшін болған шайқаста қаза тапқан 881-ші атқыштар дивизиясы мен 331-ші зеңбіректі артиллериялық полктің майдандас жауынгерлеріне» деп жазылған. Бұл жерде 2 мыңнан астам сарбаз жерленген. Олардың қатарында Президенттің ағасы – Қасым Болтаев та бар. Сондай-ақ, Тверь облысына жасаған сапары аясында Президент Ржевтегі совет солдаттына арналған мемориалға гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Кеңес әскері бұл жерде, із-түзсіз жоғалғандар мен жараланғандарды қоса алғанда, 1,3 миллионнан астам адамынан айырылды.

## ■ ҮКІМЕТ

*ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен өткен кеңесте Медициналық-санитарлық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференцияға және ДДҰ Еуропалық өңірлік комитетінің 73-сессиясына дайындық барысы талқыланды. Екі шара да биылғы қазан айында Астана қаласында өтпек.*

Еуропалық өңірлік комитеттің сессиясында Қазақстан және ДДҰ Еуропалық өңір үшін өзекті денсаулық сақтау мәселелерін, оның ішінде орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді, инфекциялық және инфекциялық емес аурулармен күрес, денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдайларға ден қою, өңірлік стратегияларды қалыптастыру және т.б. мәселелерді талқылау көзделіп отыр. Шараға ДДҰ басшылары мен Еуропалық өңірдің 50-ден астам елінің өкілдері қатысады деп күтілуде.

## ■ МИНИСТР

*Қазақстан мен Шыңжаң–Ұйғыр автономиялық ауданы арасындағы ауыл шаруашылығы өнімінің тауар айналымы жөйына 1 млрд долларға жетуі мүмкін. Тиісті келісімге ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев пен ҚХР ШҰАА ҚКП парткомның хатшысы Ма Синжундің кездесуі кезінде қол жеткізілді, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрі.*

ҚХР-ға сапары барысында Ербол Қарашөкеев еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге және ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жеткізуді ұлғайтуға көп мән беретінін атап өтті. Қазір Қытайда органикалық және экологиялық таза ауылшаруашылық өнімдерін тұтынуға сұраныс артып келеді. Қазақстан мұздатылған ет жеткізуді қайта бастауға, салқындатылған ет және балық өнімдерін, құс еті мен қосалқы өнімдерді, шошқа еті, жұмыртқа, жылқы еті және басқа да тауар түрлерін экспорттауды бастауға дайын. Қытай нарығы қазақстандық астық экспорты үшін үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бүгінгі таңда жыл сайынғы жеткізілім көлемін 1 млн тоннаға дейін және одан да көп ұлғайтуға мүмкіндік бар. ШҰАА-ға жеткізілетін өнімдердің тізіміне бұршақ дақылдары, сондай-ақ майлы дақылдардың күнжарасы қосылуы мүмкін, бұл өз кезегінде елдеріміздің арасындағы тауар айналымы көлемінің едәуір ұлғаюына ықпал ететін болады, деп атап өтті министр.

## ■ ПОРТАЛ

*Мүгедектігі бар адамдар Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 182 мыңнан астам қызмет алды.*

Жыл басынан бері Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шамамен 150,5 мың мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын, 6,2 мың – ымдау тілі қызметін, 25,3 мың – жеке көмекшінің қызметін алды, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі. Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды. Бүгінгі күні Порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 852 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 385 ОТҚ жеткізуші, 26 мыңнан астам жеке көмекші, 688 ымдау тілі және 105 санаторлық-курорттық емдеу қызметтерін жеткізуші тіркелген. Порталды пайдалану бойынша консультацияларды қолдау байланыс орталығынан, яғни 1414 бірыңғай нөмірі арқылы хабарласуға болады.

## ■ КӨРМЕ

*Астанада ONDEU EXPO өңдеу өнеркәсібінің халықаралық көрмесі ашылды. Оған Австрия, Германия, Израиль, Италия, Канада, Қытай, Түркия, Франция және Швейцария сынды әлемнің 17 елінен 250-ден астам делегат қатысуда, деп хабарлайды ҚР ИИДМ.*

Ondeu Expo көрмесіне 6 маңызды бейінді халықаралық көрме біріккен. Көрмеде 60-тан астам іс-шара өтеді. Оның ішінде металл өңдеудегі инновациялық технологиялар жөніндегі халықаралық конференция, Қазақстанның химия өнеркәсібін дамыту перспективалары, сонымен бірге қалалардың тұрғын үй-коммуналдық секторы мен инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту мәселелері талқыланатын жиын, «Өнеркәсіпті цифрлық трансформациялау» және «Өңдеу өнеркәсібінің проблемалық мәселелері және даму перспективалары» тақырыбындағы сессиялар бар. Аталған көрме Қазақстан машина жасаушыларының XI форумы аясында өтуде. Аукымды іс-шара шеңберінде 10–12 мамыр күндері саланың өзекті мәселелерін жүйелі шешуге арналған бірнеше тақырыптық секция ұйымдастырылады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

## ● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 78 ЖЫЛ!

ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕРЛЕР  
РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Олардың өшпес ерлігі – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге



Ұлы Жеңіс күніне орай елімізде адамзат тарихында айрықша орны бар осынау мерекеге арналған шаралар болып өтті. Президент тұжырымдағандай, бұл – бейбітшілік пен бостандық үшін күрескен аға буынның жанқиярлығын, қажымас қайраты мен ерік-жігерін әйгілейтін мейрам. Сондықтан соғыста опат болған боздақтарымыздың рухына тағзым етіп, ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік борышымыз.

Елордада өткен Ұлы Жеңісті ұлықтау шарасына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Президент «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлеріміздің рухына тағзым етті. Содан кейін президенттік оркестр Мемлекеттік Әнұранды орындап, Құрмет қарауылы ротасы шараға қатысушылардың алдынан салтанатты түрде сап түзеп өтті. Шара соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ардагерлермен әңгімелесті. Президент оларды Жеңіс күнімен құттықтап, барша отандасымызға зор денсаулық, амандық тіледі.

## АЗАТТЫҚ. ӘДІЛДІК. ТЕҢДІК!

Әділетті Қазақстан үшін де  
мызғымас темірқазық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Жеңіс күнімен құттықтады. «Қымбатты отандастар! Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – еліміздің тарихында айрықша орны бар мереке. Сондай-ақ, бейбітшілік пен бостандық үшін күрескен аға буынның жанқиярлығын, қажымас қайраты мен ерік-жігерін әйгілейтін мейрам. Сұрапыл соғыс жылдарында отандастарымыз қайсарлық пен қаһармандықтың теңдессіз үлгісін танытты. Майданға аттанған жауынгерлеріміздің тең жар-тысы ұрпақтың болашағы үшін жанын пίδα етті. Жеңіске тыл еңбеккерлері де өлшеусіз үлес қосты. Олар ел басына күн туғанда халқымыздың жұдырықтай жұмыла білетінін ерен еңбегімен дәлелдеді. Соғыста опат болған боздақтарымыздың рухына тағзым етіп, ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік борышымыз. Біз бүгінгі бейбіт өміріміз үшін жеңімпаз аға буынға қарыздармыз. Олардың өшпес ерлігі – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Майдангерлеріміз жән аямай қорғаған азаттық, әділдік, теңдік құндылықтары Әділетті Қазақстан үшін де мызғымас темірқазық болып қала береді. Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Ардагерлеріміз аман болсын! Жеңіс күні құтты болсын!», – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».







Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## ҚҰРМЕТ

## ЕРЛІК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Отан қорғаушылар марапатталды

Алматыда Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік концертте бейбіт елдің тыныштығын қамтамасыз етіп, ел шебін қорғап, әскери борышын адал атқарып жүрген әскери қызметкерлер марапатталды. 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта өткен шараның ашылу салтанатында Алматы өңірлік гарнизоны оркестрінің сүйемелдеуімен Қазақстанның Мемлекеттік Туы алаңға шығарылды. Мемлекеттік Гимн орындалды.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Марапаттау рәсіміне ардагерлер, түрлі әскери саладағы қызметкерлер мен қала тұрғындары қатысты. Құқық қорғау органдарының өкілдері мен әскери қызметкерлер Алматы қаласы әкімінің Алғыс хатымен және әртүрлі дәрежедегі әскери ордендермен марапатталды. Марапаттарды қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев тапсырды. Алғыс хаттарды қорғаныс саласындағы ерен еңбегі үшін Қорғаныс департаментінің жасақтау басқармасының басшысы, департамент басшысының орынбасары, полковник Гауһар Әмірбекқызы, Қорғаныс департаментінің жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жасұлан Далбаев, Қарулы күштер жүйесіндегі жоғары шығармашылық қызметін адал атқарғаны үшін Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының әскери дирижері, оркестр басшысы, аға лейтенант Әди Қабдрахманов, мемлекеттік өрт бақылау басқармасы техникалық реттеу тобының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Әсет Майлыбаев, Алматы қаласы прокуратурасы аппараттық басқармасының аға прокуроры, 1-сыныпты

заңгер Нұрсұлтан Жиделбай, криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі, полиция майоры Мұрат Рысқұлбеков, Алматы қаласы бойынша ҰҚК департаментінің жедел қызметкері Айбек Садыхан, Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының ҚР ІІМ взвод командирі, полиция аға лейтенанты Айдос Жанқушиков, қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминология кафедрасының меңгерушісі М.Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясының заң ғылымының кандидаты, профессор, полиция полковнигі Естай Әбілзов, Экономикалық тергеу және инспекциялар департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі Жақсылық Мырзахан алды. Сонымен қатар, полковник Раджан Жанысов «Құрмет» орденімен, ал подполковник Данияр Карманов «Айбын» орденімен, Қорғаныс министрі орынбасарының Алғыс хатымен Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің ардагері запастағы 1-сынып сержанты Лияс Момынұлы, тәжік-ауған соғысының ардагері Ерболат Абайұлы марапатталды.

«Бүгін – елімізде ұлық мереке. Кез келген көзі ашық, көкірегі ояу елін сүйген азамат үшін мемлекеті болуы, байрағы, бас қаласы болуы, әрине, маңызды. Бірақ атабадан қалған осыншама дәулетті көздің

карашығындай қорғау – бөлек әңгіме. Біздің әскери, тәртіп сақшылары мен арнайы қызметтердің басты миссиясы – елде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау. Қарулы күштер – шекарамыздың қауіпсіздігі. Әрі қарай да солай болсын. Сондықтан осының бәрі сіздердің еңбектеріңіз, Отан қорғаушылар! Еңбектеріңіз жемісті болсын! Кеше ғана Мемлекет басшысы әскери бөлімдерде құқық қорғау органдарында қызмет етіп жүрген азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту туралы, жалпы олардың заман талабына сай әскери дайындықта болуы жөнінде айтып өтті. Азаматтық салада қызмет етіп жүрген біз, сіздердің еңбектеріңіз жемісті болуы үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз», – деді қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Алматы қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандардың бірі – Жақсылық Мырзаханның әскери саладағы 12 жылдық тәжірибесінде мұндай қала әкімінен марапат алу форматы болмаған.

**Жақсылық МЫРЗАХАН, Алматы қаласы экономикалық тергеу-тексеру департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел уәкілі:**

– Отан қорғаушыларға арналған салтанатты шарада марапатқа ие болдым. Халық алдында құқық қорғау органы мен қорғаныс саласы қызметкерлерінің жұмыстарын атап өтіп, Алғыс хатпен марапаттауы – біз үшін үлкен мәртебе. Қорғаныс саласында да, құқық қорғау органдарында да қызметкерлердің еңбегі еленіп жүр ғой. Бірақ қала деңгейінде Алғыс хат алу үлкен мақтаныш. Жыл сайын осындай шаралар ұйымдастырылады деп ойлаймын.

## МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

ОТАН ҚОРҒАУ –  
ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні мерекелеріне орай, Алатау ауданы әкімдігі алдындағы алаңда орналасқан «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімдері ұйымдастырылды.

Айнабай  
МӘДИ

Іс-шараға аудан әкімі, ардагерлер, Ауған соғысы ардагерлері мен аудан жастары қатысты. Маңызды жиын кезінде аудан әкімі Азамат Қалдыбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағатұлла Таубалды, Ауған соғысы ардагерлері сөз сөйледі.

Гүл шоқтарын қою рәсімінен соң «Атлетикалық ауыл» аймағында ардагерлер мен аудан тұрғындарына арналған мерекелік концерт ұйымдастырылып, эстрада әншілері Асқар Жүнісбеков, Сейфуллин Жолбарыс, Димаш Дәулетов, «Зира», «Мерей» ансамбльдері, басқа да отандық өнерпаздар, шығармашылық ұйымдар өнер көрсетті.

Мерекелік концерттен кейін аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен аумақтың еңбек ардагерлері мен Ауған соғысы ардагерлеріне (200-дей адамға) мейрамханада дастархан жайылып, азық-түлік себеті таратылды.

## ЗЕРДЕ

## БАТЫРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Отан қорғаушылар күні ертемен 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында орналасқан қазақтың біртуар ұлы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы ескерткішіне Медеу ауданы аумағындағы батырдың атын иемденген №131 мектеп-лицейінің оқушылары гүл шоқтарын қойды.

Батыр Баукеңнің ескерткіші алдында сымдай тартылып, сап түзеген жауынгерлік жилет киген жас ұландар, аталған білім ошағының бір топ жоғары сынып оқушыларына Медеу ауданы әкімінің орынбасары А.Асқарұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Камалов отаншылдыққа баулу орайында ыстық ықылас, ізгі тілегін білдірді.

«Екінші дүниежүзілік соғыста ортақ Отан үшін от кешкен ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайды. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының сол қанды қырғындағы қайталанбас ерлігі – ұрпаққа үлгі. Сол кездегі кеңестік бас қолбасшылық айыбы асқақ халық батырының майдандағы ерекше ерлігін елемесе де, кейінірек Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кешегі, бүгінгі ұрпақ өкілдері батыр рухына тағзым етуге көптеп келуде. Мына шара соның бір көрінісі», – деді Медеу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақтияр Камалов.

Әскери-технологиялық пәнді оқитын шәкірттер өздерінің оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы капитан Ермек Жаманкеевтің жетекшілігімен қаһарман қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры (1992) Бауыржан Момышұлы ескерткішіне әскери әдеппен гүл шоғын қойып, батыр ата рухына тағзым етті. «Бұл жауынгерлік рухқа жігерлендіретін дәстүр білім ордамызда көптен бері жалғасын табуда», – деді аталған мектеп-лицей директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Әсет Аруинов.

## БРИФИНГ

## КИБЕРПОЛ

киберқылмыстарды ашумен және тергеумен айналысады

Келесі оқу жылынан бастап ведомстволық ЖОО-да 3 жаңа білім беру бағдарламасы пайда болады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ІІМ Алматы академиясы басшысының орынбасары, полиция полковнигі Ержан Бимолданов мәлімдеді.

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Академияда «Құқық қорғау қызметі», «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету», «ПО қызметін IT-криминалистикалық қамтамасыз ету», «Ақпараттық жүйелер» сияқты үш жаңа бағыт бойынша Ішкі істер органдары жүйесінің кәсіби кадрлары дайындалады.



«Соңғы жылдары киберқылмыс, интернет-алаяқтық тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Қылмыстарға қарсы тұру керектігін ескере отырып, жаңа білім беру бағдарламаларын ашу туралы шешім қабылданды. Осы ба-

ғытта Астана және Алматы қалаларының полиция департаменттерінде киберқылмыстарды ашумен және тергеумен айналысатын арнайы бөлімшелер ашылды. Олар киберпол деп аталады. Біз осы бөлімшелердің қызметкерлерін Алматы академиясының қабырғасында оқытатын боламыз», – деді Е.Бимолданов.

Сонымен қатар, академияда қазіргі және болашақ қызметкерлерді интернет арқылы жасалатын қылмыспен күресу бойынша жұмыс дағдыларына үйрету үшін киберзертхана мен киберполигон ашылды.

Академия тегін білім алып, жайлы жатақханада тұруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, артықшылықтар қатарында тегін тамақ, формалық киім, медициналық қызмет көрсету, тұрғылықты жеріне бару және кері қайтару (пойызбен) кіреді. Курсанттар шәкіртақы алады. Оқу мерзімі мерзімді әскери қызмет өткерумен тең. Оқуды аяқтағаннан кейін бітірушілерге «Ұлттық қауіпсіздік және әскери істер бакалавры»



және «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бакалавр» біліктіліктері бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі, сонымен қатар «полиция лейтенанты» арнайы атағы беріледі.





## ● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

# ЗАМАНАУИ СЕРВИСТІК БАҒДАР

## Оның негізгі принциптері – заңдылық, хабардарлық және жеделдік

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев ішкі істер саласын цифрландыру туралы баяндады.

Спикердің айтуынша, саланы цифрландыру арқылы бюрократиядан арылту және онтайландыру процесі басталған. Нәтижесінде полиция қызметкерлерінің назары құқық бұзушылық профилактикасына, яғни басты міндеттерін орындауға бағытталуда.

• «Барлық полиция бөлімшелері бейнебақылау камераларымен жабдықталған. 18 мыңнан астам бейнекамера орнатылған. Бұл жұмыс қылмыстық атқару жүйесіндегі мекемелерде де іске асырылуда. Бейнебақылаудың арқасында 14 мың оқиға мен заң бұзушылық анықталды, 79 суицид пен 11 түрмеден қашу әрекетінің жолы кесілді».

Азаматтардың қауіпсіздігі үшін мектептер мен қоғамдық орындарда да бейнебақылау камералары орнатылып жатыр. Сонымен қатар, жол қозғалысын қадағалау процесі де цифрландырылуда. Атап айтқанда, жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілерін анықтайтын автоматты жүйелер саны артқан, бүгінде олардың саны 18 мыңнан асады. Өткен жылдың өзінде осы жүйелер арқылы 4 млн астам заң бұзушылық анықталған. «Мұндай камералар жүргізушілерді тәртіпке келтіріп жатыр. Бұл ретте құқық бұзушы мен полиция арасында тікелей байланыс жоқ, яғни заңсыз шешім қабылдауға мүмкіндік те жоқ», – деді министрің орынбасары.

Оның айтуынша, патрульдік көліктерде орнатылған мобилді автоматты радарлар да осындай принцип бойынша жұмыс істейді. Қазір елімізде мұндай 84 құрал бар, олар өз тиімділігін жақсы көрсетіп жатыр. «Осындай бір ғана заманауи радар орта есеппен 20–25 автопатрульге тең келетін бұзушылықтар санын анықтайды. Қандай да бір түзетулер енгізу немесе фотосуреттер мен бейнедеректерді жою мүмкіндігі жоқ. Бұзушылықтар туралы ақпарат дереу, автоматты түрде Бас прокуратураның арнайы есептер комитетіне жіберіледі», – деді М.Қожаев.

Сонымен қатар, еліміздің 16 қаласында «Қорғау – қауіпті жүргізуші» бағдарламасы



енгізілген. «Мысалы, қауіпті жүргізуші жол ережесін бірнеше рет бұзып келе жатса, қорғау жүйесі ол туралы инспектордың планшетіне дереу хабарлама жібереді. Полиция қызметкері дереу әрекет етіп, қайғылы жағдайдың жолын кеседі. Осындай шаралардың арқасында жол-көлік оқиғаларының саны 11%-ға, қаза тапқандар саны 7%-ға, жарақат алатындар 16%-ға азайды, жаяу жүргіншілер арасында қаза болғандар 24%-ға төмендеді», – деді ішкі істер саласының өкілі.

Бұдан басқа, полицейлер арнайы мобилдік қосымшасы бар заманауи бейнетіркегіштермен жабдықталған. Соның арқасында олар жедел басқару орталығына оқиға орнынан онлайн трансляция жібере алады. Олардың бұл бейнелерді жоюға және өңдеуге мүмкіндігі жоқ.

• «Азаматтарға ыңғайлы болу үшін 102 мобилді қосымшасы әзірленіп, іске асырылды. Бұл мобилді қосымшада SOS түймесі көзделген. Егер бір оқиға болып, сол түймеге басып, қоңырау шалынса, оператор өтініш берушінің орналасқан жерін дербес анықтап, оқиға орнына жақын жердегі полиция жасағын жіберуге мүмкіндігі бар. Бүгінгі күні осы қосымша арқылы 206 мың хабарлама келіп түсті,

оның ішінде 55 мыңнан астам хабарлама түрлі мессенджерлер арқылы түскен».

• Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістер қылмыстық істерді тергеудің толық бейнеформатына көшуге негіз болады.  
• ІІМ халықты қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын бірге талқылауға шақырады.

Брифингте Марат Қожаев елімізде тіркелетін барлық қылмыстық істердің 96%-ын, ал әкімшілік өндірістердің 97%-ын ішкі істер органдары жүргізетінін айтты. Оған қоса, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 39 түрі бойынша жыл сайын 10 млн-нан астам қызмет көрсетіледі. Яғни халықпен ең жиі және тығыз жұмыс істейтін орган – ол полиция.

«Біздің қызметкерлердің іс-әрекетіне қарап билік туралы жалпы көзқарас қалыптасады. Соны ескеріп, қазір Қазақстанның полициясы заманауи сервистік модельдерге көшіп жатыр. Оның негізгі принциптері – заңдылық, жан-жақтылық, әдептілік, хабардарлық және жеделдік. Бұл қоғаммен бірге қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасында көзделіп отыр», – деді М.Қожаев.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі –

қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жиналған жүйелік проблемалардың себебін жоюға бағытталуы. Стратегиялық құжаттың негізгі бағыттары – құқықтық бұзушылықтың түпкі себептері мен жағдайларын жою арқылы азаматтардың өмірін, денсаулығын және мүлкін қорғау деңгейін арттыру, азаматтардың үмітіне сай келетін жаңа форматтағы полиция құру болып отыр. «Құжат жобасы ІІМ сайтында жарияланған, құжатты талқылауға барлық белсенді азаматтарды шақырамыз», – деді Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары.

Брифингте халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін ішкі істер органдарында ішкі жүйелікті қайта құру туралы айтылды. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасы әзірленуде. Оның негізгі бағыттарының бірі қылмыстық процесті онтайландыру болып табылады. Қазірдің өзінде қылмыстық істердің 90%-ы электрондық форматта тергелуде, биыл 19 мамырдан бастап тергеудің бейнеформатын енгізу жоспарлануда. Бұл туралы журналистің сұрағына берген жауабында ІІМ Тергеу департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Санжар Әділов айтып берді. Президенттің тапсырмаларын орындау бойынша бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарының новеллаларының бірі тергеушінің қысқаша хаттама жасау құқығын енгізу болып табылады.

ІІМ Тергеу департаментінің басшысы атап өткендей, бұрын оқиға болған жерді тексеруден бастап, жауап алу, бетпе-бет жүздестіру және т.б. сияқты негізгі тергеу әрекеттеріне дейінгі тергеу әрекеттерін жүргізуге көп уақыт жұмсалған. Тергеу әрекеттеріне қатысушылар хаттаманың дайын болуын бірнеше сағат күтуге мәжбүр болды. Енді барлық тергеу әрекеттері басынан аяғына дейін видеоға жазылады. ҚІПК-нің 199-бабына енгізілген түзетуге сәйкес, тергеуші тергеу әрекеттерінің қысқаша мазмұнымен тергеу әрекеттері видеосының қысқаша хаттамасын жасайды. Бұл аз уақыт алады. «Ең маңыздысын айтар болсам, біз қарапайым полиция тергеуіне көшуге дайындалып жатырмыз. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістер тергеу органдарының қылмыстық істерді тергеудің толық бейнеформатына көшуіне негіз болады», – деп түйіндеді ІІМ Тергеу департаментінің басшысы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».  
(Дереккөз: ortcom.kz).

## ● ТҰЛҒАТАНУ

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы Зәки Ахметовтың 95 жылдығына арналған «Отандық әдебиеттанудағы академик Зәки Ахметов дәуірі: тарих, теория, әдіснама» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

«М.О.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында өткізілген шараға отандық және шетелдік әдебиеттанушы ғалымдар, ғалымның баласы Мұрат Зәкиұлы, институттың ғылыми қызметкерлері қатысты.

Конференцияның кіріспе сөзінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, филология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Кенжехан Ісломжанұлы Матыжанов Зәки Ахметовтың отандық әдебиеттану ғылымындағы алар орны туралы айтты.

Алғаш сөз алған М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Фольклортану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д. Сейіт Асқарұлы Қасқабасов замандас ғалыммен бірге өткен жылдарын еске алып, оның өнегелі істері мен ғы-

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЭТРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



лымдағы жеткен жетістіктері жайлы әңгімелеп берді.

Басқосуға З. Ахметовтың ғалымдық келбеті, ұстаздық жолы, оның зерттеулеріндегі абайтану, әуезовтану мәселелері, сондай-ақ қазіргі әдебиеттану ғылымындағы жаңашыл ізденістер мен қазақ өлеңтануының теория-

лық және әдіснамалық мәселелері, ұлт руханияты және қазақ әдебиетінің бүгінгі жай-күйі талқыланды.

Сонымен қатар, қазақ ғылымының іргелі зерттеуші ғалымдары, үзеңгілестері, гумани-тария саласындағы білікті мамандар ой-пікір білдірді.

## ● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ,  
ҚР ҰҒА академигі:

**Қазақ ғылымын  
дамытудағы  
еңбегі ұшан-теңіз**

Зәки Ахметов қазақ әдебиеттану ғылымының құлашын ашқан тұлға. Сонау XX ғасырдың екінші жартысында аты дүркіреп таныла бастады. Мәскеуде ғылыми атақтарын қорғады. Ол кісінің ғылым кеңістігіндегі абыройы өте жоғары болатын. Зәкең маған аға жолдас еді. Кісіге көмек қылудан қайтпайтын. Азаматтық, адалдық, адами құндылық биігінде көрінетін. Орыстың небір ғалымдары мен атақты адамдары құрметтейтін. Ол кісінің қазақ ғылымы үшін жасап кеткен еңбегі ұшан-теңіз.





## БАЙЫПТАМА

Ел экономикасының қарыштап дамуы әрқашан маңызды. Осы ретте қаржы сарапшыларының ой-пікірі салмақты болары анық. Сондықтан осы сала маманының пікірімен ой бөліскенді жөн санап, экономист, PhD докторанты Мақсат ХАЛЫҚТЫ әңгімеге тартқан едік.

Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

## ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫ

Әділетті Қазақстан — заң үстемдігі. Маған дейін де бұл ой айтылған болар. Осы тұрғыда Конституция күшінің бәрінен биік тұруы шарт. Егер заң күші орындалса, онда теңдік салтанат құрады.

Әр адам өзі өмір сүріп отырған қоғам үшін бір игі іс жасаса дейміз. Ол жақсылықтың белгілі бір өлшемі жоқ. Оны бір деңгейге шектеуге де болмайды. Сол баяғы қарапайым қағида бар. Яғни әркім өз саласында маман болса, сонда іс оңалады. Бірінің жасағаны екіншісіне кедергі келтірмейтін болады. Мүмкіндігінше, әр салаға жан бітсе. Мәселен, диқан еккен егіннен мол өнім жинаса, малшы төрт түлігіне не болса, мұғалім оқушыға дұрыс дәріс, тәлім-тәрбие берсе, озамыз. Бұдан артық әспеттеп айту қиын. Сондықтан жұмыс нәтижелі болу үшін әрбіріміз өз бағытымызды білейік!

Адал қоғамның орнайтын кезі болады. Ол үшін әлгі айтқан салалардың қанат жайғанын қалаймыз. Тағы қайталап айтсам, заң үстем болғанда, әділдіктің туы желбірейді.

ЭКОНОМИКАНЫ  
ӘРТАРАПТАНДЫРАЙЫҚ

Қазақ экономикасы өткен отыз жылда тәп-тәуір көрсеткіштерді еңсерді. Соның арқасында түрлі форумдар өткіздік. Әлемдік деңгейдегі алқалы жиындар өтті. Дүние жүзіне бай ел екенімізді таныттық. Бұл үдерістер көз алдымызда жүрді. Мойындау керек, мұның бәрі — мұнай мен газдың арқасы. Осы екеуін өзге қазба байлықтардан бөліп жарып айтуға толық негіз бар. Ұлттық бюджеттің тең жартысына жуығын беріп отыр. Қаржы сарапшыларының пікірінше, мұнайдың жеткілікті қоры — 20–25 жыл. Ендігі ширек ғасырдан кейінгі кез алаңдатады. Сондықтан алдын алмасак, әлемдік дағдарыстарға төтеп беру қиынға соғады.

Біздің елімізде үнемі жанар-жағар май тапшылығы байқалып жатады. Кейде энергетика жетпіспейтінін айтып, дабыл қағамыз. Оның бір себебі — сыртқа таситындарда екен. Сол себепті, жер астындағы байлық барда 4-ші мұнай өңдейтін зауыттың салу керек. Бұл идеяны маған дейінгі ғалымдар, экономистер де айтты. Кем дегенде 2 мұнай өңдеуші зауытты іске қосатын кез жетті. Сонда ғана ішкі нарықты жанар-жағар маймен толық қамти аламыз. Өйткені, отандастарымыз өз байлығын өзі игеріп, пайдасын көруі керек.

Біздіңше, экономика бір жақты болмауы шарт. Бұл қатаң қағида саналады. Тек қана солтүстіктегі көршімізге сеніп келдік. Гео-

«Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

## «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»

атты брендті жандандырсақ, сөрелерде өз шеберлеріміздің  
өнімдері тұрар еді

саясат экономикалық тетіктерді жауып тұр. Тек импортты тұтынатын елге айналдық. Сыртқа қазба байлықты экспорттап, орнына болмашы дүние сатып аламыз. Бізде тіпті қағаз өндірісі де жоқ екен. Сондықтан қағаз өндірісін жедел қолға алу қажет.

## БАҒА РЕТТЕЛУІ ҚАЖЕТ

Бүгінгі статистикаға иек артсақ, инфляция 18%-ға төмендепті. Бұған дейін 22%-ға жеткен. Ендігі меже азық-түлік бағасында тұр. Ең алдымен, халық көп тұтынатын өнімдердің құнын реттеу қажет. Әлеуметтік баға деп статус алған тауарларды бір жүйеге түсірейік. Дүкендер мен базардағы баға халықтың қалтасына ауыр тиюде. Жыл сайын жалақы 25–30 %-ға өссе, баға да шарықтап шыға келеді. Негізі баға саясатын бір жүйеге түсіріп, реттеп отыруға болады. Ал егер жүгенсіз кетсе, онда халық кедейліктің шегінен де асып кетеді.

Бұл үшін бағаны бағындыру керек. «Қазақстанда жасалған» атты брендті жандандырсақ, сөрелерде өз шеберлеріміздің өнімдері тұрар еді.

Бұл ретте өзіміздің кәсіпкерлерге қолдау білдірейік. Ал сырттан тауар тасымалдасақ, сыртқы нарыққа тәуелділіктен арылмаймыз. Одан да шағын және орта бизнесті дамытайық.

## КРИЗИС-МЕНЕДЖЕР КЕРЕК

Дағдарыс — уақытша кезең. Дегенмен, қол қусырып отыруға болмас. Осындайда көреген лидерлердің өткен жолы өнеге. Мысалы, Сингапур басшысы Ли Куан Ю өз кезеңінде мықты басшы болды. Ең бірінші әділдікті ту етті. Жемқорлыққа жол бермеді. Мейлінше, мемлекетшіл болуға тырысты. Ол

«бірінші экономика, екінші саясат ұстанымын» ұстанды. Соның арқасында қалтарыста қалған Сингапур «Азия барысына» айналды. Үлгі алатын-ақ өнеге!

Жалпы, экономикада ең мықты басшы дейтін ұғым бар. Яғни біз қаржы секторын ұлғайтуда лидерге тәуелдіміз. Себебі, қарамағындағыларға, өз командасына жауапты. Ол жолдан тайса болды, басқарып отырған компаниясы, яки мемлекеті құрдымға кетеді.

Дағдарыстар кезінде экономика үнемді болуы керек. Қазынаны қадағалап отырған адам әр тиынға жауапты. Өйткені, мемлекет қаржысы халықтың салығынан ұлғаяды. Дефолтқа ұшырап, кризис деңдемеуі керек. Жаппай жұмыссыздық белең алса, оның арты толқуға соқтырады. Осындайда тығырықтан жол тауып, жана жұмыс орындарын ашу қажет. Айналадағы көршілермен тату-тәтті күн кешейік. Осы қағидалар бойынша бар азамат тізгінді ұстаса, өз халқына жаны ашып жүріп қызмет қылса, қазынаға қол салдырмаса, елінің сүйікті перзентіне айналары хақ.

Кризис-менеджер — ұлттық менталитетпен сусындаған нар тұлғалы азамат деген ұғымды айқындайды. Қазақи болмыс, ұлттық рух, ата-дінге терең білетін жан болса екен. Сонда ғана шетелмен келісім-шартқа отырғанда қазақтың мүддесін бірінші орынға қоятын болады. Сондай жандардың бірегейі арғысын айтпағанда XX ғасырдың екінші жартысындағы сақа саясаткерлер Нұртас Оңдасынов, Жұмабек Тәшенов және Дінмұхамед Қонаев еді. Олардың ерлік істері әліге дейін ел-жұрттың жадында аңыз болып айтылып келеді.

ҒЫЛЫМ БИЗНЕСКЕ  
КҮШ БЕРЕДІ

АҚШ, Еуропа елдері, Жапония, Оңтүстік Кореяда ЖІӨ 2-3%-дан артығын ғылымға бөледі. Ал ғылымдағы игі жаңалықты бизнеске жаратады. Қандай да бір ашылған жаңалық тасада қалмайды. Сол елдердің үкіметі ғалымдардың ашқан ғылыми жаңалығымен санасады. Соның арқасында нанотехнология, биотехнология, химфарм, IT және робот жасау процесі тез дамып жатыр. Ғаламтордың қуаты арқылы жарнамасын асырып, сыртқа экспорттайды. Осылайша ғылымды экономиканың басты драйвері еткен.

Біздің Ұлттық Ғылым академиямыз бар. Іргелі ғылым жасайтын арнайы институттарымыз жұмыс істеп тұр. 1994-1995 жылдары жәй ғана қоғамдық орталық болып қалды. Қаржы сол кездегі жағдайға байланысты қысқарды. Ғылыммен айналысатын ғалымдар саны 3 есеге дейін азайған. Қазіргі есеп бойынша елдегі ғылымға бөлінетін қаржы 0,13 % ғана көрінеді. Біреулер 0,23% деп топшылайды. Сонда елдегі ЖІӨ 1%-ына да

жетпей тұр. Былайша айтқанда, теңізге тамған тамшыдай. Жастар азын-аулақ айлыққа жан баға алмайды. Мысалы, Францияға барсаңыз сізден өзге тілді талап еткеннен гөрі, ғылыми жаңашылдықты талап қылады. Сырт елдердің ғылымнан басқа ойлайтыны болмайды. Ол ипотекасын төлеудің жолын іздеп әуреленбейді. Бірнеше мекемеде жұмыс атқармайды. Отбасын бағумен түрлі есікті қақпайды. Тіпті, баласын балабақшаға орналастыруды ойламайды. Профессорлары 10–15 мың доллар жалақы табады. Кем дегенде 4-5 мың доллар айлық алады. Біздің жас мамандар орта есеппен 500–600 долларды әрең табады. Ондай ақыны шетелде еден тазалайтын адам тауып жүр. Бір сөзбен айтқанда, ғылым адамының әлеуметтік мәселесі тез-детіліп шешілсе екен.

Шетелде олигархтар, қалталы бай-бағандар қаржысын инвестиция ретінде ғылымға құяды. Сөйтіп, бір нәтижеге жетуге талпынады. Біздің техникалық ғылымдардан қаржы табуға толық негіз бар. Бұл жайын ғалымдар айтып, дабыл қағып келеді. Бір нәрсені түсіну керек. Қаржы табу осы екен деп, осы әдісті бәріне бірдей қолданбайық. Ғылым екіге бөлінеді. Бір бағыты — гуманитарлық. Екіншісі — техникалық. Техникалық бағыт ел экономикасына қызмет етеді. Ал гуманитарлық — қоғамдық сала, идеология құралы. Сондықтан қоғамдық ғылымдардан қаржы табамыз деп әуреленбейік. Оданша ұлттық идеологияны, ұлттық шежірені, тарихи һәм әдеби мұраларды білетін ғалымдар бар кезде хатқа түсіріп, жинақ, монография етіп шығарып алайық. Бұл болашақ ұрпаққа жасаған игі іс болар еді.

Ғылымды бай-манаптар қосымша қаржыландырса екен. Сонда қазақ ғылымы алға өрлейді деп үміттенеміз. Ғалымның әлеуметтік мәселесі шешілсе, ғылымға шын берілген адам түбі бір жаңалық ашады. Бірақ бітпейтін 3 тілде есеп-қисап сұрап ғалымдардың миын ашытпайық. 27–30 айда гранттық жобаны бітір деп қыстамайық. Мемлекеттік гранттық жоба 5 жылға берілуі тиіс. Осы аталған ойлар жүзеге асса, ұлттық ғылым жаңғыраы сөзсіз.

## ● ТҮЙІН:

Жаһандану үдерісінің уысында кетпеуіміз қажет. Қазақ жерін басып жүрген әрбір жан отаншылдық рухта болса екен. Егер өз елін шексіз сүйіп, дамыта алатын ұрпақты тәрбиелесек, XXI ғасырдағы миссияны орындаған болып есептелеміз.

## ● ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Борис ЖАПАРОВ,  
профессор, техника ғылымының докторы:

ВИЗАСЫЗ ТӘРТІПТІҢ  
РЕТТЕГІШІ БАР

Қазақстан мен Қытай арасында мемлекетаралық отыз күндік визасыз тәртіп енгізілуіне байланысты ел-жұрт арасында неше түрлі әңгіме өрбиде. Біржақты пікір басымдау.

Кезінде еліміздің Түркиядағы елшісінің кеңесшісі болғанымда халықаралық қатынаста біраз тәжірибе жинақтағаным бар. Осы күні өмір өзгеріп, дүние жаңаруда. Мәселен, бүкіл Еуропа бір-бірімен тауар айналымын жасауда. Осындай шақта шекараны тастай қып қымтап, тым-тырыс отыратын не жөніміз бар. Мұның өзі «халықаралық құқық» деген ұғымға қайшы келер еді.

Біздің дәуіріміздің басында ғұн бабаларымыздан сақтанған қытайлар үш мың шақырымдық «қытай қорғанын» тұрғызса, бұл камалдар бүгінгі күні тарихи ескерткіш ретінде ғана бағаланады. Айтарым, тарихқа

өткен күннің өлшемімен қарамау қажет, бүгінгінің талабы ескерілуі керек. Егер осындай визасыз тәртіп енгізілсе, оның да тежеуіші, реттегіші бар деген сөз. Болашаққа үмітпен қараған жөн.

«Қытай қаптап кетті» деп дүрлігудің қажеті жоқ. Әл-ауқаты өркендеген әлемдік ең ірі екі мемлекет болса, соның бірі — Қытай. Оны ескермеске болмайды. Ал тәуелсіздігімізді қорғау дегеніміз — экономикамызды нығайту. Әрбірден соң экономиканы жасайтын халық. Мұндайда өнімді еңбек етуге жүйе жасалып, экономикалық саясат басты рөл атқару тиіс.

Қазақ елі мен Қытай арасындағы визасыз тәртіппен қарым-қатынас енгізілуіне қатысты айтарым, алдымен туризмді дамытуға мән берілуі керек. Бұл жағдай еліміз экономикалық дағдарысқа ұшырамаса да, қажеттілік. Алайда, бұл мәселе халықаралық заң нормаларымен реттелуі тиіс. Сонда ғана барыс-келіс баянды, экономикалық қарым-қатынас қарқынды болады деп ойлаймын.

Қарагөз СҮЛЕЙМЕНОВА,  
«Алматы әуендері» КМҚК-нің әншісі, тележүргізуші:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗАҢ  
НОРМАЛАРЫНА САЙ БОЛУЫ ТИІС

Қалай болғанда да, қытайлық тауар тасымалдаушылар жергілікті, отандық кәсіпкердің өнімін ығыстырып тастамауы тиіс. Бұл мемлекетаралық келісіммен жүзеге асатын шаруа болса-дағы, қазағымыздың ұлттық санасына, салт-дәстүрімізге нұқсан келмеуі керек.

Сол Қытайдың өзіне не Ресейге барсаң, сол елдің заң нормалары алдыңнан қарсы алып, сан алуан шектеу шыға келетіні рас. Біздің елдің талабы да сондай болуы қажет.

Қарым-қатынастың заңдылығы қадағалануы қажет. Ұлан-ғайыр жеріміздің аман-дығы маңызды.





## ● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



## ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ ЖӨНДЕЛЕДІ

### жолдар уақытша жабылады

(Басы 1-бетте)

Биыл да бұл үрдіс Алматыда жалғасын тауып, шаһардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары қолға алынуда. Осыған орай, Алматыда жылу желілерін қайта құрылымдау жұмыстарына байланысты бірнеше көше жабылады. Сәйкесінше (10 мамырдан 30 тамызға дейін) автомотокөліктердің қозғалысы шектелетін болады. Мәселен, Медеу ауданында Қазыбек би көшесімен (Уәлиханов көшесінен Абдуллиндер көшесіне дейін) өтетін жол жабылады. Бостандық ауданында қозғалыс Ганди көшесі бойында («Нұрсұлтан Назарбаев қоры» ЖҚ-дан Батыс Желтоқсан көшесіне дейін) тоқтатылады.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, енгізілген шектеулер аталған көше сегменттерінің жүріс бөлігінің астынан өтетін құбырларды қайта құрылымдау бойынша жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Айта кеткен жөн, тұрғындарға қолайлы жағдайларды сақтау үшін олардың үйлеріне ыстық су уақытша схемалар бойынша беріледі.

Сондықтан қала тұрғындары мен қонақтарынан мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды және аталған қалалық учаскелерді айналып жүру жолдарын алдын ала қарастыруларын сұраймыз.

## ● «ТАЗА АЛМАТЫ»

# ӨЗЕНГЕ ҚОҒЫС ТАСТАМАҢЫЗ!

## Әйтпесе айыппұл төлейсіз

Егер алматылықтар өзен арналарының маңына қоқыс тастайтын болса, 70 мың теңгедей айыппұл арқалайды. Бұл туралы Қарғалы өзені бойында жүргізілген рейд барысында Наурызбай аудандық Ішкі істер басқармасының мамандары айтты.



Бұдан былай аптаның әр сәрсенбесінде өзен-көлдердің маңына тексеру жұмыстары жүргізіледі. Алматы қаласы Экология департаменті мамандарының халықтың табиғатқа, өз қаласына деген жанашырлығын, қамқорлығын арттыру мақсатындағы көтерген бастамасын көпшілік қос қолдап қолдайтыны анық. Өйткені, қоқыс қоршаған ортаны ластап, қала экологиясына орасан зор зиян әкеледі.

Экология департаментінің ресми өкілі Әділ Нұрпейісовтің айтуынша, мониторингтік жұмыстарға жауапты орган өкілдері заңсыз салынған құрылыс нысандары мен қоқыс орындарын анықтайды. Іс-шараға архитектура, урбанистика, бассейн инспекция сынды жағалауларды тазалаумен айналысатын мекеме қызметкерлері қатысып, сонымен қатар, аудан әкімдіктері де анықталған аймаққа қатысты сауалдарға жауап береді.

Арнайы топ өткен аптада ұзындығы 57 шақырымға созылып жатқан Қарғалы өзені арнасына рейд жүргізіп, жұмыс барысында жағалаудың пластик бөтелкелер мен тұрмыстық қалдықтарға, тіпті жарамсыз құрылыс материалдарына толып қалғанын анықтаған. Рейд жасау барысында

әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Ендігі кезекте тиісті орган өкілдері ескерту бойынша жұмыс істейтін болады.

«Жеке кәсіпкерлерге, мысалы, 30 АЕК көлемінде, яғни 103 500 теңге айыппұл салынады. Ал егер жеке тұлға болса, айыппұл 69 мың теңге болады», – деді Наурызбай аудандық Ішкі істер басқармасы табиғатты қорғау полициясының аға капитаны Абай Молдашев.

– Кез келген аймақтың тазалығын сол ауданға тиесілі аудандық әкімшілік қадағалайды. Ал теңдерден ұтып алған мекеме өзен-көлдердің жағалауының тазалығына жауап беруі тиіс. Біз алматылықтардың тазалық мәселесіне салғырт қарамауын өтінеміз, – дейді Экология де-

партаменті экологиялық бақылау бөлімінің басшысы Ерлан Жақиям.

Бүгінде өзен жағалауында заңсыз салынған ғимараттар көп. Жалпы, өзен маңына салынатын кез келген нысан су қорғау белдеуіне сәйкес болуы тиіс. Сондықтан Қарғалы өзені бойындағы ғимараттар 35 метр қашықтықта салынуы керек дейді мамандар.

«Су қорғау белдеуіне заңсыз ғимарат салған жағдайда әкімшілік хаттама қарастырылады. Әкімшілік құқық бұзылса, 360-бап, 1-тармақ бойынша сотқа жіберіледі. Сот шешімі бойынша айыппұл салынып, құрылыстың бұзылуы туралы шешім шығады», – деді «Балқаш–Алакөл» бассейндік инспекциясы мемлекеттік бақылау бөлімінің бас маманы Ғалымжан Қамбарбеков.

## ● ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

## Заңсыз кешеннен үй алмаңыз!



Алматыдағы тағы бір тұрғын үй кешені жылжымайтын мүлікті сатып алуға ұсынылмайтын тізімге енді.



Досбол  
АТАЖАН

Қала құрылысын бақылау басқармасы интернет-ресурстардың мониторингі барысында Достық даңғылы, 170/1 мекенжайындағы ТК-де пәтерлерді сату туралы хабарландыру анықтады. Қала тұрғындарына осы мекенжай бойынша тұрғын үй кешенінен жылжымайтын мүлік сатып алудан бас тартқаны жөн.

Меншік иесі бұл учаскеде сәулет-жоспарлау тапсырмасы болған КТЖ нысаналы мақсатымен құрылысты 2005 жылы бастаған, содан кейін нысан бірнеше жылға тоқтатылған.

Кейін жер учаскесі басқа меншік иесіне беріліп, сол учаскеде заңсыз стационарлық емес сауда объектілерін тұрғызды. Басқарма меншік иесіне қатысты заңсыз сауда павильондарын бұзуға талап арыз берді. 2023 жылдың 2 мамырында сауда нысандарын бұзу туралы шешім қабылданды. Қазір сот шешімінің заңды күшіне енуі күтілуде.

Медеу аудандық сотына жылжымайтын мүлікке, ҚМЖ жүргізуге және рұқсат құжаттамасын беруге тыйым салу бөлігінде талап қоюды қамтамасыз етумен ғимараттың өзін бұзуға тағы бір талап-арыз берілді. Сот процестері әлі де жүргізілуде, сот-құрылыс сараптамасы тағайындалды.

«Жылжымайтын мүлікті сатып алудан бұрын салынып жатқан ТК-не қатысты Қала құрылысын бақылау басқармасының +7 (727) 229-81-36 жедел желісінің нөмірі бойынша құжаттардың толық пакетінің бар-жоғын тексеруді ұсынамыз», – деп хабарлады басқарма.

## ● АЛМАТЫ ПАРКИНГ



## АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚТАР әдеттегідей жұмыс істейді

Алматыдағы ақылы автотұрақтар қайтадан штаттық режимде жұмыс істей бастады.

Алматы әкімдігі мамандарының айтуынша, төлем тарифке сәйкес және орналасқан ауданға байланысты алынады. Ал олардың жұмысын мамандар қадағалайды. Ақы төленбеген жағдайда айыппұл салынады.

Естеріңізде болар, мегаполистің ақылы автотұрақтары қаланың коммуналдық меншігіне қайтарылған болатын. Қазір оларды бірыңғай оператор – «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны басқарады.

## ● ХАБАРЛАНДЫРУ

## Уақытша су болмайды

Алматы қаласының Түркісіб ауданында орналасқан ғимараттардың бір бөлігі ыстық судан уақытша ажыратылады. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының мәліметінше, шектеулер «Алматы жылукоммунэнерго» ЖШС қазандықтарында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін енгізіліп отыр.

Атап айтқанда, ыстық су мына көшелердің контурында шектелетін болады: 8 мамырдан 19 мамырға дейін – Спасская–Днепровская–Клара Цеткина–Урицкий көшелерінде; 10 мамырдан 9 маусымға дейін – Закарпатская–Ахметова–Огарева–Қалмаржын көшелерінде; 10 мамырдан 17 мамырға дейін – №13 ықшамауданы; 15 мамырдан 19 мамырға дейін – Станкевич–Стахановская–Будденный–Ганибет көшелерінде; 22 мамырдан 26 мамырға дейін – Лисаковская–Волочаевская–Береке–Айша бибі көшелерінде уақытша су тоқтатылады.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

## Тағы бір нысан сүрілді

Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасы Бөгенбай батыр көшесі, 24 мекенжайындағы төрт қабатты ғимараттың заңсыз тұрғызылғанын анықтады.

Басқарманың талабы бойынша тұрғын емес үй-жайлар жөніндегі сот



процестері ұзақ уақытқа созылды. 2022 жылғы 17 қаңтарда Медеу аудандық соты өз бетінше салынған құрылысты бұзу туралы қаулы шығарды. Алайда, кейін апелляциялық шағымдар Алматы қалалық сотында және ҚР Жоғарғы сотында қаралды.

2022 жылғы 30 қарашада Жоғарғы сот бірінші сатыдағы сот пен Алматы қалалық сотының қаулыларын өзгеріссіз қалдырды. Содан кейін қаулы қаланың Әділет департаментінің өндірісіне түсті. Кеше сот орындаушыларының қатысуымен аталмыш нысан бұзылды.





## ЗЕРДЕ

Жұмабай БАЙНАТОВ,  
техника ғылымының докторы, профессор, «Құрмет» орденінің иегері,  
Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы, «Инженер» академиясының академигі

# «ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН ҰРПАҚТАР»



Ұлы Отан соғысында еліміз қол жеткізген  
Ұлы Жеңіс мерекесіне 78 жыл толу қарса-  
ңында кейінгі ұрпаққа сондағы халқы-  
мыздың ерлігін, тартқан қасіретін, құрбан  
болған ерлерді айту парыз.

Екінші дүниежүзілік соғыста барлығы 50 миллион адам мерт болса, олардың жартысынан көбі Кеңес Одағының азаматтары еді. Соғысқа Қазақстаннан 18–49 жас аралығындағы 1 миллион 196 мың 164 адам, ал 50–55 жас аралығындағы 700 мың ер-азамат майдандағы қара жұмысқа аттанды. Сол соғысқа қатысқандардың 350 мыңы ғана соғыстан аман оралды.

Кеңес Одағының Батыры атағы 11 600 адамға берілді. Олардың 500-ден астамы – қазақстандықтар, 105-і қазақ. Соғыс жылғы мәліметке сүйенсек, еліміз бойынша 1920–1925 жылы туғандардың 5-еуінің бірі ғана еліне оралған. Оларды атақты Георгий Жуковтың өзі де «Жеңіске жеткізген ұрпақтар» деп атаған.

Отанды қорғауға Қазақстаннан бірі әкесін, бірі жарын, бірі бауырын аттандырып жатты. Солардың қатарында Әулиеата өңірінің Луговой (қазіргі Т.Рысқұлов) ауданы, Каменка селосының Қазақ ауылынан бір Керімбай атаның төрт ұлы соғысқа аттанған: Мырзахмет, Сыдықназар, Байназар (Байнат), Баудан және екі немересі Сырайыл, Смайыл. Жастары келіп қалған, соғыста жаракат алған Мырзахмет, Сыдықназар, Байназар (Байнат) Қарағанды қаласында шахтыда жұмыс істеген. Сырайыл ағам соғысты 1942 жылы Сталинград шайқасынан бастап, 1945 жылы Кенигсберг қаласын алумен аяқтап, елге оралды. Ағам майданда танкіні жоятын 482-ші артиллерия полкында, зеңбіректің командирі болып шайқасады. Ростов қаласын, Қырымды, Белоруссияны, Латвия, Литва, Эстонияны фашистерден азат етуге және жау бекінісі Кенигсберг қаласын алу соғысына қатысады.

Ағам соғыс туралы кейінірек жазған кітабында Белоруссияны жаудан тазарту кезеңдерін былай баяндайды:

Белоруссия үшін болған шайқас шын мәнісіндегі зор шайқас болды. Оған екі жақтан 4 миллион адам, барлық калиберлі 62 мың зеңбірек пен миномет, 7,5 мың танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 9100 соғыс самоләті қатысты.

Советтік жоғарғы Бас командование Белоруссияны азат ету жөнінде «Багратион» деген шартты атпен аталған операцияны мұқият әзірледі. Бұл операцияның мақсаты – жаудың «Центр» армияларының тобын талқандап, Белоруссия жерін азат ету, бізге одақтас Польшаға көмектесу және шығыс Пруссия шекараларына өту болатын. Оны жүзеге асыру төрт майданның әскерлеріне жүктелді.

Ағам қатысқан соңғы қанды соғыстың нәтижесі 1945 жылдың 10 сәуірінде кеңес әскерлері Кенигсберг қаласын толық фашистерден тазартып, онда 92 мың жау солдатты мен офицерлері қолға түсті. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген халық сөзіне сәйкес артиллерия командирі ағам блиндаж алдында күнге жылынып, демалып отырған кезде қоластындағы жауынгер А.Н.Трясьев ағам «жұбайыңыздан хат келіпті, кішкентай қызыңыздың (Аманкүл) суреті де бар екен. Көрсетіңізші» деген сауалын құп көріп, блиндажға барып хатты алып шықсам, жаңағы біз отырған жерге 2-3 снаряд жарылып, Трясьев жауынгерімнің денесі екіге бөлініп, көз жұмыпты», – дейді.

Ағам Сырайыл Керімбаев Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін бірінші және екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, II және III дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы құрметіне Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейін ағам Мәскеудің төрінде өткен Жеңіс шеруіне 3 мәрте (1945, 1990, 1995 ж.ж.) қатысқан жауынгер. Ұлы Жеңістің 45 жылдығында арнайы шақырумен Мәскеудегі парадқа қатысып, үлкен құрметке ие болды. Ол туралы Мәскеудегі «Рабочая трибуна» газетінде 1990 жылы 10 мамырда КСРО Қорғаныс министрі Д.Язовпен Қызыл алаңда келе жатқан суреті жарияланған еді.

Соғыстан кейін ағам жарты ғасыр бойы облыстық «Ақ жол» (бұрынғы «Еңбек туы») газетінің редакциясында бөлім меңгерушісі болып қызмет етті. Оның «Еділ – Балтық арасында» атты әскери очерктері, «Ардақты азаматтар», «Өлең – өмір, өрелі өмір», «Жыр жүрекке жылы тисе» атты өлеңдер жинақтары жарық көрді.

Сырайыл ағам Тараз қаласының Құрметі азаматы, соғыс және еңбек ардагері. Жамбыл облыстық жария комитетінде штаттан тыс лектор болып қызмет істеді. Свердлов, Жамбыл аудандарында аудандық газеттерді басқарды. ҚазГУ-ді және Жоғары партия мектебін бітірді. Қазаққа сөз бар «Қанша жыл жақсылық жасаған, сонша жыл өмір сүресің» деген.

Ағам 2016 жылы 95 жасында өмірден өтті. «Озбайтын өмір, тозбайтын темір жоқ», – деген өмірдің заңын ескерсек, шүкіршілік етеміз. Ол 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген ардақты әке болды. 20 немере және 5 шөбере сүйді.

Ағамның шөберелерінің бірі Мұхит Сыдықназаров керемет білімді азамат болып өсті. Ол саясаттану ғылымының докторы, профессор. Астанадағы Л.Гумилев атындағы университеттің Жаһандық зерттеу институтының директоры. Қазақ халқының ежелден келе жатқан мемлекет екенін дәлелдейтін карталарын (1570, 1630, 1638 ж.ж.) АҚШ-тың, Еуропаның ұлттық кітапханаларынан тауып, ғылыми түрде дәлелдеп, Бельгия астанасы Брюссельде қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жазып «Непрерывная государственность Казахстана в потоке истории. Казахское государство на европейских и американских картах XVI–XIX веков. Атлас» деген үлкен кітап шығарды.

Бұл өте керекті ғылыми еңбек көшпенді қазақтарда бұрын тұрақты мемлекет және астанасы болмаған дегендердің сөздерін теріске шығарды. Осы зерттеу еңбектерге көп көңіл бөлген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 6 наурызы күні қабылдап, енді осы еңбекті шетелдерде таныту керек екенін міндеттеді.

Мұхит Сыдықназаров осы зерттеуі барысында Ару Сұлтан атты XVI ғасырда ағылшын патшайымы I Елизаветаның кеңесшісі болған қазақ қызы туралы тың деректер тапты. Әрине, бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Қазақ халқында «Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт берекең – Атаң қымбат» деген даналық теңеу бар, сол сияқты қан кешіп Отанын қорғаған ата, аға еңбектерін келесі ұрпаққа сабақ болсын деп осы мақаланы жариялап отырмын.

## САЛТАНАТТЫ ШАРА



## Бейбіт елдің берекелі таңы



Рая  
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданының тұрғындары Ұлы Жеңіс мерекесін «Гүлдер» саябағында атап өтті. Бұл күні тұрғындар 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында басталған Жеңіс мерекесіне арналған салтанатты шараға қатысқан аудан ардагерлерін зор қошеметпен қарсы алды.

Жиналғандарды Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева мерекемен құттықтап, зор денсаулық тіледі.

Осыдан соң ардагерлер қазақстандық өнер шеберлері Айжан Нұрмағанбетова, Шәжида, Дәрібаевтар отбасылық ансамблі, «Беу, айдай» ансамблінің қатысуымен ұйымдастырылған мерекелік концертті тамашалады. Барлық қонақтар мен тұрғындарға «солдат ботқасы» таратылды.

## ҚОЙЫЛЫМ

## «АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ»

Қарттарға арнап театрда тегін  
көрсетілім ұйымдастырылды



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аманат партиясының Алмалы аудандық филиалы «Бақытты отбасы» және «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобалары аясында көпбалалы отбасылар мен қарттарға арнап театрда тегін көрсетілім ұйымдастырды.

Абай атындағы ұлттық опера және балет театрында өткен іс-шараға 100-ге жуық адам (оның ішінде 20 көпбалалы отбасы) қатысып, «Абай» операсын тамашалады. Бұл бастама қаржылық қиындықтарға байланысты қалада өтіп жататын түрлі мәдени іс-шараларға жиі қатыса алмайтындар үшін нағыз сыйлық болды.

«Біз мәдени іс-шаралардың қолжетімділігі барлығына тең болуы керек болатынына сенімдіміз. Экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға жиі тап болатын адамдардың еліміздің мәдени жетістіктерінен ләззат алу мүмкіндігі болуы ерекше маңызды», – дейді акцияны ұйымдастырушылар.

Көрсетілім жылы және достық атмосферада өтті. Көрермендер қойылымға дән риза болды. Олардың көпшілігі мұндай бастамалар мәдениетпен танысуға ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар сабақтастығына және қоғамдық байланысты нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Айта кеткен жөн, Абай атындағы ұлттық опера және балет театры 15 жыл бойы партиямен осындай акцияларды өткізуде белсенді атсалысып келеді. Аманат партиясы мұндай іс-шаралар дәстүрге айналатынына және барлық ниет білдірушілерді осындай маңызды бастамаларға қосылуға шақырады.





## КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

## «БІЗ – ҚАЗАҚПЫЗ...»

бағдары шетелдік оқырманға қазақ классикасын ұсынады

Таяуда Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында Халықаралық қазақ ПЕН-клубының кітап табыстау акциясы өтті. Клуб өзінің жұмыс істеп келе жатқан уақыты аралығында қанша кітап басып шығарды, соның бәрін кітапханаға сыйлады. Іс-шараға Ұлттық кітапхана ұжымы, белгілі жазушылар, кітап жанкүйерлері қатысты.

Айнұр  
СЕНБАЕВА

Осыдан оншақты жыл бұрын белгілі публицист Бигелді Ғабдуллин Халықаралық қазақ ПЕН-клубының президенті болып сайланған еді. Бұл жазушылар ұйымының басты мақсаты – қазақ әдебиетін шетелдік оқырманға таныстыру болатын. Дәл осы мақсатта Б.Ғабдуллин қазақ классикалық кітаптарын ағылшын тіліне аударып, ағылшынтілді елдерге таратуды қолға алды. Бұл серия «Біз – қазақпыз...» (We are Kazakhs) деген атаумен жарық көрді.

«Біз – қазақпыз...» сериясының алғашқы қарлығашы – белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» (My name is Kozha) повесінің аудармасы Нью-Йоркте басылып шықты. Содан кейін қазақ ПЕН-клубы Әбіш Кекілбаевтың «Атаманның ақыры» (End of the Legend) атты атақты романын аударып, АҚШ-та басып шығарды.

Халықаралық қазақ ПЕН-клубының президенті Бигелді Ғабдуллиннің айтуынша, мықты аудармашының жұмысы кейде автордан асып түседі. Бірақ осындай білікті маман табу өте қиын. Сонымен қоса, қазақ жазушысының шығармасын аудару оңай шаруа емес. Кейбір шығармалар алдымен орыс тіліне аударылып, кейін ағылшын тіліне аударылған.

– «Кітапты аудару – бір мәселе, шығару – екінші мәселе, үшінші мәселе – тарату. Тарату үшін «Amazon»-ға салу оңай. Дүние жүзіндегі оқырман «Amazon»-нан оқи береді. Бірақ қаржыны да, қыруар еңбекті де қажет ететін тағы бір мәселе –



кітапты насихаттау. Кітапты насихаттау үшін АҚШ, Англияның мықты басылымдарына жазып, айтып, қалың жұртшылықты қызықтыруымыз керек. Айталық, «Washington Post» басылымының бір бетіне мақала жариялау шамамен 200–300 мың доллар. Мұндай қыруар қаржымыз болмағандықтан бізде насихат жағы кенже қалып тұр. Франкфуркте өткен кітап жәрмеңкесінде болғанымда қаламгерлермен сөйлестім. Олардың айтуынша, шетелдік авторлар кітап жазылмай жатып насихатын бастап кетеді. Мысалы, «пәленше деген жазушының идеясы осындай ғажайып кітабы жарыққа шығады» деп 4-5 жыл бұрын жұртты құлаққағыс етеді. Біз де кітаптарымызды қалың оқырманға таныстыру үшін жарнамасын жақсартуымыз керек. Әйтпесе, кітаптарымыз ешкімге керек болмай қалады, – дейді Бигелді Ғабдуллин.

Ал қазақтың танымал жазушыларының бірі Смағұл Елубайдың айтуынша, қазіргі заманда кітапты насихаттау үшін бізге әдеби агенттер керек. Білікті әдеби агенттерді шетелден жалдап алуға болады. Бұған қыруар қаржы қажет. Осы мәселе мемлекеттік деңгейде шешілуге тиіс. Сондай-ақ, елімізде әлі күнге мықты аудармашылар тобы да қалыптасқан жоқ,

– Бұрын біз кітабымыз ағылшын тіліне аударылса деп армандайтын едік. Шығармаларымыз аударылса дегеннен аса алмайтынбыз. Ал қазір аударылған кітаптарымыз оқыла деген мәселеге тап болдық. Қазіргі заманда кітаптар жазылады, шығады, тіпті шедевр болуы мүмкін. Бірақ жарнамасы жоқ болса, расында ешкімге керек болмай қалады. Кездейсоқ оқыған адамдар болмаса, көпшілік білмей де қалады. Нарықтық экономика қалыптасқан елдерде жүздеген жыл болды, әдеби агент деген мамандар жұмыс істейді. Біз әлі күнге дейін әдеби агент дегеннің не екенін білмейміз. Өз еліміздің ішінде кітап әйтеуір бірдеңе қылып таратылар, бірақ сыртқа, шетелге әдеби агентсіз кітап тарату мүмкін емес. Әдеби агент кітапты таратпай тұрып, өзі оқиды. Одан кейін барып белгілі бір аудиторияның қалай қабылдайтынын зерттейді. Мысалы, ағылшын немесе испан аудиториясы қандай баспаны құрметтейді, соны біліп алады. Содан кейін барып кітапты сол баспаға ұсынады. Баспа агенттің көпшілік алдындағы абыройын, талғамын білгендіктен келісімшартқа отырады. Бұл дегеніміз – кітаптың табысты болуына ашылған даңғыл жол. Беделді баспадан шыққан кітапқа жұрт-

тың назары ауады. Ал агенттің табысы кітаптың жетістігіне байланысты болғандықтан, ол жанын беріп жұмыс істейді, – дейді жазушы Смағұл Елубай.

Ағылшынтілді оқырманға арналған аудармалар жылдан-жылға көбейе берді. Олжас Сүлейменовтің «The Code of the Word», Мұқағали Мақатаевтың «Selected Poetry», Смағұл Елубайдың «Lonely Yourt», Абайдың «GHAQLIA», Мұхтар Әуезовтің «Beauty in Morning», Герольд Бельгердің «Selected Works», Оралхан Бөкеевтің «The Man-Deer and» шығармалары бірінен кейін бірі шетелдік оқырманға жол тартты. Содан кейін АҚШ пен Англияда Қажығали Мұханбетқалиев, Қалихан Ысқақов, Ұлықбек Есдәулетов, Серік Ақсұңқарұлы, Бигелді Ғабдуллиннің кітаптары аударылып, басылып шықты.

Қазақ авторларын АҚШ, Англиядағы өз істерінің шеберлері, белгілі аудармашылар Catherine Fitzpatrick, Marina Vlaadi, Athanase Vantchev de Thracy, Simon Hollingsworth, Simon Geoghegan, John Farndon, Olga Nakston, Alexei Tsvetkov және тағы басқалар аударды. Барлық кітаптың дизайнері – Мәдина Ниязбаева. Бұл кітаптардың барлығы Қазақ ПЕН-клубының қаражат есебінен аударылып, жарық көрді.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## ЗИЯРАТ

Сұм соғыстың аяқталғанына 78 жыл болса да, оның тауқыметі мен жан жарасы әлі күнге жазылған жоқ. Әрбір шаңырақ ет жақынынан айырылып, соғыстың зардабын тартып отыр. Майданнан оралмай із-түзсіз кеткендер қаншама! Сондай жандардың бірі – Жетісу ауданының аумағына орналасқан Орталық зиратта жатыр. Жыл сайын қала тұрғындары «Белгісіз солдат» қабіріне келіп, ерлікке тағзым етеді.

«БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ»  
ҚАБІРІНЕ ТАҒЗЫМ ЕТТІРая  
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шара бір минуттық үнсіздікпен басталды. «Белгісіз солдат» қабірі басына жиналғандарға Жетісу ауданының әкімі Гүлнәр Көкебаева Ұлы Жеңісті жақындатқан аға ұрпақтың есімі мен ерлігінің осылай жаңғыра беретінін жеткізді. Сондай-ақ, қабірдің қараусыз емес екенін, жақында ғана Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің ұйытқы болуымен тазалық жұмыстарының жүргізілгенін атап өтті.

Сондай-ақ, аудан әкімі бұл күні «соңғы солдат» атанған, Жетісу ауданындағы бірден-бір Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Кудиннің шаңырағында болып, құттықтап қайтты.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

## ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛДЫ

7 мамыр күні сағат 23.52-де Алматы ТЖД қызметіне Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің филиалы Кіші Алматы орман шаруашылығының тау баурайында құрғақ шөптер мен құлаған ағаштардың жанып жатқаны туралы ақпарат келіп түскен еді.


Оқиға орнына Алматы қаласы ТЖД құрамының 59 адамы мен 15 техникасы, жедел топ жіберілді. Сонымен қатар, су төтетін құрылғысы бар ҚР ТЖМ «Қазавиаспас» мекемесінің «Ми-171», «МИ-8» тікұшақтары да болды. Өкінішке қарай, тау баурайындағы өртті сөндіру барысында 1994 жылы туған Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің қызметкері, 7-ӨСБ аға өрт сөндіруші құтқарушысы, азаматтық қорғау сержантты Арслан Құрманбеков қаза тапты.

Азаматтық қорғау сержанты Арслан Жолдасбекұлы жанып жатқан ағаштың діні құлаған кезде алған жарақаттан көз жұмды. «Ол өз ісінің нағыз маманы, еңбекқор, мамандығын жанындай жақсы көретін азамат еді», – дейді әріптестері.

Алматы қаласы әкімдігі марқұмның туыстарына қайғыра көңіл айтады. Қалаға төнген қауіптің алдын алып, өз өмірін құрбан еткен азаматтың өшпес ерлігін әріптестері мен қала тұрғындары ешқашан ұмытпайды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

## ӨНЕР



## «ҚАРА ШАПАН»

ерекше арт-нысан ашылды

Алматыда Панфилов пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында «Қара шапан» арт-нысаны ашылды.

Биіктігі үш метр болатын шапан-мүсін металдан жасалған. Жоба авторы бұл туындысын бізді қазақ және Орта Азия мәдениетіне бағыттайды деп біледі. Арт-нысан иесінің пайымынша, көшпенділер шапандармен сыйластықтың, бірлік пен өзара түсіністіктің материалдық символы ретінде алмасып, одақтарды нығайтып, уағдаластықтар жасасқан.



Ерекше арт-нысанның авторы – қазақстандық заманауи суретші Сырлыбек Бекботаев. Суретшінің шығармашылық бұл идеясын жүзеге асыруға Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қазақстандық меценаттар көмектесті.

Нұр ЖАМАЛ.





## МӘЖІЛІС

## ЕРЕЖЕЛЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

Электрлі самокаттың жолдағы жылдамдығына қатысты заң қабылданды

Тротуардағы жылдамдықты шектеу – жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Кеше Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Аталған заң жобасын Парламент депутаттары әзірледі.

«Кейінгі көшеде жаңа көлік құралдарының, яғни электр самокаттардың, гироскутерлер мен монодөңгелектердің және басқа да түрлері пайда болғанын көріп жүрміз. Бізге азаматтардан жаңа көлік құралдарының жүрісін реттеу мәселелері бойынша өтініштер үнемі түсіп жатады. Әсіресе, бұл жағдай мегаполистерге қатысты. Электр самокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіріп жатыр», – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, осы заң жобасы 2 жыл бұрын әзірленген. Алайда, электр самокаттарға қатысты техникалық регламент тек 2022 жылдың шілдесінде қабылданды.

«Бүгін біз электр самокаттардың жүрісін реттеу бойынша алғашқы түзетулер топтамасын ұсынып отырмыз. Жобаға сәйкес электр самокаттар көлік құралы ретінде танылады, сондай-ақ



жүру жылдамдығы сағатына 25 километрге дейінгі көлік құралдары электр самокат санатына жатады. Электр самокаттар велосипед жолдары мен жол жиектерінде шектеусіз жүре алады. Тротуарларда сағатына 6 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Бұл тәсіл көліктің жаңа түрін пайдаланатындар мен жаяу жүргіншілер үшін ең қолайлы шешім. Шектеулерді қарастыру қиын. Бірақ мұндай жылдамдық шамамен жаяу жүргіншілер легінің жылдамдығына тең. Бұл жылдамдық сырттай көзбен шолып анықталады. Электр самокаттың жолдың жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде автобус жолағымен бір қатарда жүруіне жол беріледі.

Алайда, бұл үшін жүргізуші 18 жасқа толуды және илем киюі керек. Сондай-ақ, оның үстінде жарық шағылыстыратын киім мен кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі болуы қажет», – деді Екатерина Смышляева.

Заң аясында электр самокатта жүк пен жолаушы тасымалдауға тыйым салынады. Енді электр самокат жүргізушілер жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінен жаяу өтуге тиіс.

«Жекеменшік электр самокаттардың көбеюін, Қазақстан нарығында кикшеринг сервисінің пайда болуын ескерсек, осындай көлікке бейімделмеген, бұрыннан бар инфрақұрылымға түсетін жүктеме жақын арада артады. Сондықтан жедел түрде негізгі ережелерді енгізу қажет», – деді депутат.



## ПОЛИЦИЯ

## ҚАРУ МЕН ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ



Қала полицейлері Достық даңғылы мен Оспанов көшесінің қиылысында арнайы іс-шара жүргізді. Нәтижесінде 44 жастағы азамат ұсталды.

Алматы қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, рұқсат етілген жеке тінту барысында бұрын мүлкітік қылмыс үшін сотталған 44 жастағы А. есімді азаматтан өсімдік тектес зат салынған полиэтилен түйіншек тәркіленді.

«Арнайы іс-шара қару ұрлау дерегі бойынша ҚР ҚК-нің 291-бабы 3-бөлігіне сәйкес қозғалған қылмыстық істі тергеу аясында жүргізілді. Кейін күдіктінің тұрғылықты жерінде рұқсат етілген тінту кезінде сарайдан АК-74 автоматы мен ТОЗ-17 шағын калибрлі мылтығы табылды. Бұл қарудың нақты кімдікі екендігі және шығу тегін арнайы сараптама анықтайды. Сонымен бірге, А. есімді азаматқа есірткі сатқан 1970 жылы туған М. есімді азамат та ұсталды. Ол да тексерілді. Нәтижесінде өсімдік тектес заты бар полиэтилен байламы және күні, аты-жөні, қаржы сомасы жазылған жазбалар тәркіленді», – деді Алматы қалалық Полиция департаменті басшысының орынбасары Дидар Аханов.

Сондай-ақ, қалалық полиция департаментінде ҚР ҚПК-нің 201-бабына сәйкес, өзге ақпараттар жария етуге жатпайтынын хабарлады.

«ҚР Конституциясының 77-бабының 3-тармағының

1-тармақшасына және ҚР ҚПК-нің 19-бабы 1-бөлігіне сәйкес, заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленгенге дейін әрбір адам қылмыстық құқықбұзушылық жасауда кінәсіз деп танылады», – деп хабарлады полицияда.

Айта кететін жайт, есірткі қылмысы 5 пайызға төмендеген. Елімізде осы жылдың қаңтар-наурызында есірткі, психотропты немесе улы заттардың заңсыз айналымына байланысты 2,1 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 5,4 пайызға аз.

Finprom.kz порталының мәліметінше, мұндай құқық бұзушылықтың 69,7 пайызы немесе 1,5 мың оқиғасы есірткі заттарының заңсыз айналымына, яғни сатуға қатысты емес. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 6,4 пайызға төмен. Ал 502 жағдайда есірткіні сату фактісі анықталды. Аталған құқықбұзушылықтарды анықтау кезінде 160 көлік құралы, 5,2 мың қару, 11 жалған құжат, сонымен қатар жалпы сомасы 532,8 млн теңгені құрайтын, мүлік, қаражат және құнды заттар тәркіленді. 11 қара сора алқабы, 1 апиынның көкнәр алқабы және 1 жабайы қара сора егілген жер анықталып, жойылды. Өңірлер арасында есірткі, психотропты немесе улы заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың басым бөлігі Астана қаласында тіркелген. Елордада осы жылдың үш айында 277 оқиға тіркелді. Бұл бір жыл бұрынғыдан 52,2 пайызға көп. Екінші және үшінші орындарда Алматы қаласы (246 оқиға) мен Жамбыл облысы (147 оқиға) тұр.

Биыл 1-тоқсанда есірткі, психотропты немесе улы заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін 1,1 мың адам ұсталды. Олардың 91-і бұған дейін қылмыс жасаса, бесеуі кәмелеттік жасқа толмаған, ал 52-сі – әйел. Жыл басынан бері есірткі құрылымының 67 қатысушысы тұтқындалды. Заңсыз айналымнан 483,2 келі психотропты заттар, 11 келі героин, 32,8 келі апиын, 63,7 келі гашиш, 41,6 келі марихана, 17 тоннадан астам көкнәр шикізаты, 22 тоннадан астам химиялық реагенттер алынды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, жылдың басынан бері арнаулы қызметтер есірткі қылмысына қарсы 47 операция жүргізді. Оның ішінде Ресей, Қырғызстан және Австралияның құзыретті органдарымен бірлескен операциялар бар. 8 халықаралық, 14 өңірлік есірткі трафики каналы, 8 өте ірі есірткі зертханасы жойылды.

## ПАТРУЛЬ



## Құтқарып қалды

Алматының патрульдік полиция қызметкерлері өз-өзіне қол салмақ болған азаматты құтқарып қалды.

«Наурызбай аудандық полиция басқармасының кезекші бөліміне белгісіз ер адам төрт қабатты үйдің шатырында өз-өзіне қол жұмсамақ болғаны туралы хабарлама келіп түсті. «Буран-263» патрульдік экипажы бірнеше минутта оқиға орнында болды. Белгілі болғандай, жергілікті тұрғын мас күйінде әйелімен жанжалдасып қалған. Сол себепті, ол алдымен өзіне пышақ салмақ болған. Қаннан қорыққан ол қараусыз қалған ғимаратқа барып, шатырдан секіруге бел буған», деп хабарлады Алматы қалалық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Оқиға орнына жеткен дәрігерлер ер адамға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, жақын маңдағы ауруханаға алып кетті.

«Іс материалдары жергілікті учаскелік инспекторға тапсырылды. Ол бірінші кезекте ер адамның отбасылық-тұрмыстық жағдайын тексеріп, өзін-өзі өлтіруге итермелеген мән-жайларды анықтайды», – деп атап өтті полиция өкілдері.





## БОКС



## 2 РЕТ НОКДАУН

Әлемдік додада қазақ боксшысы қарсыласын 2 рет нокадаунға түсірді

Ташкентте ерлер арасында өтіп жатқан бокстан әлем чемпионатында ұлттық құрама капитаны Асланбек Шымберген жартылай финалға шықты.

Асланбек 71 келіге дейінгі салмақта Франциялық Мекан Траоремен бокстасты. Траоре осы біріншілік барысында әлем чемпионы жапониялық Севон Окадзаваны жеңген еді.

Бірінші раундты сенімді өткізген Асланбек қарсыласын нокадаунға жіберді. Екінші кезеңде тағы бір нокадаун есептелді. Қорытынды есеп – 5:0. Қарсыласын айқын басымдықпен ұтқан Асланбек Шымберген Қазақстаннан алғашқы болып жартылай финалға жолдама алды.

## САМБО

## ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНЕ ІРІКТЕУ

Алматыда самбодан генерал Р.Қайдаровтың құрметіне арналған халықаралық турнир өтті



Жеңіс күні қарсаңында спорттық және жауынгерлік самбодан әділет генерал-майоры Рүстем Қайдаровты еске алуға арналған халықаралық турнир өтті.

Турнирді ИМ, «Генералдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі және «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының орталық кеңесі, сондай-ақ Самбо және жауынгерлік самбодан республикалық федерация ұйымдастырды. Жарыс күрестің әр түрі бойынша 7 салмақ категориясында өткізілді. Дәстүрлі турнирге Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан спортшылары, сондай-ақ Қазақстанның 13 облысынан құқық қорғау органдарының және күштік құрылымдарының, Ақмола, Алматы, Жетісу және Павлодар облыстарының, Алматы, Астана және Шымкент қалаларының полиция департаменттерінің, ИМ академиясының командалары қатысты.



Рүстем Қайдаров 2019 жылы Алматы қаласында болған ұшақ апатында көз жұмды. Ол КСРО ИМ еңбек сіңірген қайраткері, «Генералдар кеңесі» РҚБ төрағасының төрағасы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, Қазақстанның мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының бірінші орынбасары болды.

Жарыста барлығы – 21 команда, 230 қатысушы, олардың ішінде 132-і спорттық және 98-і жауынгерлік самбодан бақ сынады. Жалпы командалық есепте ҚР ҚМ ЦСКА СК спортшылары жеңімпаз атанды. Осы жарыстың жеңімпаздары енді әлем біріншілігінде ел намысын қорғайды.

**Бақтияр ҚУНАҚЫНОВ**, Алматы қаласы Самбо федерациясының президенті:

– Бұл жарыс – негізгі әлем чемпионатына дайындық. Іріктеу жарысы болды. 1-орын алған спортшыларға спорт шебері деген атағы беріледі. Жарыстың басты мақсаты – жастарды спортқа баулу. Келешекте еліміздің туын үлкен жарыстарда желбірететін спортшыларымыздың саны арту үшін осындай турнирлерді жылда өткіземіз.

## ФУТБОЛ



## Лионель Месси

Laureus нұсқасы бойынша үздік спортшы атанды

ПСЖ клубының шабуылшысы Лионель Месси Laureus тұжырымы бойынша «Жыл спортшысы» номинациясында үздік деп танылды.

Месси дауыс беру кезінде әріптесі Килиан Мбаппе мен теннисші Рафаэль Надальдан басым түсті. Өткен жылы Месси Аргентина құрамасымен әлем чемпионатында жеңіске жеткен еді.

Laureus марапаты 1999 жылдан бері беріледі. Өзірге жеңімпаз рекорды теннисші Роджер Федерерге тиесілі.

## АУЫР АТЛЕТИКА

## Бізде – кіші «алтын»


Қазақстандық ауыр атлет Азия чемпионатында кіші «алтын» жеңіп алды



Оңтүстік Кореяның Чинджу қаласында өтіп жатқан Азия чемпионатында қазақстандық зілтемір шебері Еламан Сейітқазы 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде топ жарды.

Ол алғашқы жұлқа көтеру жаттығуын 147 келі салмақтан бастап, оны еңсергеннен кейін 151 келіге тапсырыс берді. Бұл салмақ та Еламанға бағынды. Енді соңғы мүмкіндігінде 155 келіні қалайда көтеру керек топ бастау үшін. Осыны жете түсінген ол бар күш-жігерін салып, тіпті ырқына көнбей кетіп бара жатқан зілтемірді тізерлеп тұрып, топ жару керектігін түсініп басынан асырды. Осылайша ол жұлқа көтеруде 155 келі нәтижемен кіші алтын медальға иелік етті. Ал екіншіше қарай, серпе көтеруде үш мүмкіндігінде 183 келіні бағындыра алмады.

## ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ



## Хоккейшілер әлем чемпионатына аттанды

Ел құрамасы 2023 жылғы шайбалы хоккейден әлем чемпионатының топтық кезеңінде жоғары дивизионда өнер көрсететін Ригаға ұшып кетті.

Хоккейшілердің ұшақтан түскен суретін Head on the Ice жобасы жариялады. Қазақстандықтармен В тобында Канада, Чехия, Латвия, Норвегия, Словакия, Словения және Швейцария командалары күш сынасады. Қазақстандықтар әлем чемпионатындағы алғашқы кездесуін 13 мамырда норвегиялықтарға қарсы өткізеді.

## ЯДРО ЛАҚТЫРУ

## Күміс – қоржында

Қазақстандық спортшылар Үндістанда өткен жарыста жеңімпаз атанды. Ядро лақтырудан Алексей Лукутин 7,95 метрге снарядты лақтырып, күміс медальға қол жеткізді.



Дискі лақтырудан қазақстандық Иван Залезняк 32,11 м көрсеткішпен қола жүлдегер атанса, Үндістан спортшылары бірінші және екінші орындарды иеленді.

Бұл жарыстар Бенгалуру қаласында 4–8 мамыр аралығында өтті. Оларға әлемнің 11 елінен 486 спортшы қатысты.





БАЙҚАУ

## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Орта буын медицина қызметкерлерінің байқауы өтті

Алматыда орта буын медицина қызметкерлері арасында үздік фельдшер, мейірбике, акушер мәртебесін иелену үшін байқау өтті.



Ақ халатты абзал жандар байқауы Халықаралық медбике күні қарсаңында ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі күні медицинадағы басты назар МСАК-қа (медициналық-санитарлық алқашқы көмек) аударылып отыр. Сондықтан болар, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің байқауында «Үздік МСАК медбикесі» номинациясы қызылмен ерекшеленіп тұр.

Биыл – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына 50 жыл. Халықаралық медбикелер күнін де осы ұйым белгілеген болатын. Медбике ісінің негізін қалаған Флоренс Найтингейл үшін де мерейлі жыл екен биыл, 200 жыл толып отыр. Кез келген медициналық мекемені медбикесіз, фельдшерсіз елестету мүмкін емес. Олардың еңбегі де ұшан-теңіз, бесаспап десек те

болады. Науқастарға қолының да, жүрегінің де шипасын дарытып жүрген орта буын медицина қызметкерлерінің байқауы Алматы ауданындағы 12 медициналық ұйым арасында өтті. Олар білім-дағдысын, тәжірибесін сынға салды.

Бұл – талапкерлер үшін қалалық және республикалық турға дейінгі аралық кезең. Байқаудың жеңімпаздары Алматы қаласының намысын республикалық деңгейде қорғайтын болады.

ИППОТЕРАПИЯ

## САЛАУРУУЫ сапалы емді қажет етеді



Бүгінде елімізде сал ауруына шалдыққан мүгедек балалар саны жыл өткен сайын көбейіп барады. Нақты айтсақ, Қазақстанда 44 574 мүгедек бала бар болса, соның ішінде он мыңнан астам балаға балалардың сал ауруы (ДЦП — детский церебральный паралич) диагнозы қойылған. Бұған экологияның ластануы, климаттың өзгеруі, дұрыс тамақтанбау, әлеуметтік жағдайдың нашарлығы секілді түрлі факторлар әсер етіп отыр.



Серік  
ЖҰМАБАЕВ

– Балалар церебральді сал ауруы шала дамудың немесе онтогенезде мидың зақымдануынан пайда болады. Мұнда мидың «жас» алаптары – үлкен жартышар терең зардап шегеді. Ол ерікті әрекеттерді, сөйлеуді және басқа да қызметтерді реттеп отырады. Балалар церебральді сал ауруы әртүрлі кимыл-қозғалыс, психикалық және сөйлеудің бұзылыстарынан көрініс береді. Олай болса, балалар церебральді сал ауруы салдарынан адам өмірі үшін ең маңызды деген, яғни кимыл-қозғалыс, психика, сөйлеу қызметтері зардап шегеді. Туа біткен, өте ауыр және жазылуы қиын бұл сырқатқа шалдыққан бала қоғамға бейімделмеген, өз-өзін күте алмайды, қозғалуы қиын, көбінің сөйлеу мүмкіндіктері нашар дамыған, мектепке өздігінен бара алмайды.

Дегенмен, барынша шыдамдылық танытып, әдістемелік жүйемен емдеген жағдайда бұл аурудың салдарын түзетіп, баланы жүруге, сөйлеуге үйретуге және қоғамда өмір сүруге бейімдеуге болады. Оның

бірден-бір жолы – иппотерапия саласын (атқа мініп емдеуді) дамыту, – дейді дәрігер-педиатр Гүлжан КАДЕНОВА.

Жалпы иппотерапия дегеніміз, адамды жылқының көмегімен, яғни ауруды атқа отырғызу арқылы емдеу деген сөз. Мұның әсіресе сал ауруына шалдыққан балаларды емдеуге септігі мол. Өйткені, жылқы – табиғи тренажер. Иппотерапия адамның психикалық және физикалық жағдайына кешенді түрде әсер етеді. Яғни атқа мініп жүру барысында дененің барлық негізгі бұлшық еттері іске қосылады. Яғни аттың үстінде отыру, онымен бірге қозғалу барысында бала тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Оның үстіне, жылқының температурасы адамға қарағанда 1,5-2 градусқа жоғары болғандықтан, ол өз қозғалысын адамға ыңғайлап, отырған адамды жылытып, бұлшық тонуын қалыпқа келтіріп, қан айналымын жақсартады. Бұрын мүлде жүре алмаған не аяққа тұра алмаған балалар үшін иппотерапиямен тұрақты түрде айналысу баланың аяққа тұруына ықпал етеді.

**P.S.** Иппотерапия саласымен емдеу тәсілі Еуропа, АҚШ-та жақсы дамыған. Тіпті бүгінде 52 елде иппотерапия орталықтары ашылған. Алайда, Қазақстанда атпен жүру салтымызда болғанымен, оны емдік жолға пайдалану өз деңгейінде орындалып жатқан жоқ. Оған себеп, бұл салаға өте көп қаражат керек және жеткілікті дәрежеде мамандардың жоқтығы да айтарлықтай әсер етіп отыр. Осы ретте мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, арнайы бағдарламалар қабылдап, шетелдік мамандарды елімізге шақырып, олардан емдеудің түрлі тәсілдерін үйренуді қолға алсақ, жақсы болар еді...

ДОНОР



## БАСҚАҒА ӨМІР СЫЙЛА

Алматы дәрігерлері 30 литр қан тапсырды

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында кезекті Донор күні науқаны өтті. Қалалық қан орталығымен бірлесіп ұйымдастырылатын мұндай акция ауруханада жыл сайын өткізіледі.



Қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының бас дәрігері Алмаз Джувашев бастаған аурухана ұжымы бұл бастаманы тағы бір қолдап, донор атанды.

Дәрігерлер мен медицина мамандары басқалардың өмірін сақтап қалу үшін үнемі қан тапсырудың маңыздылығын түсінеді. Сонымен қатар, донорлық донордың денсаулығын сақтауға, иммунитетті арттыруға және қанның жағдайын жақсартуға көмектеседі.

Донор күні науқаны – қанға мұқтаж жандарға көмектесу ғана емес, сонымен қатар әрқайсымыздың денсаулығымызды тексеру мүмкіндігі.

Қалалық қан орталығы қызметкерлерінің айтуынша, әрбір донор өз қанының босқа кетпейтініне және біреудің өмірін сақтап қалуға көмектесетініне сенімді бола алады.


Былтыр қазанда аурухананың 45 қызметкері 22 литр қан тапсырса, бүгінгі науқанға 66 адам қатысты. Акцияға қатысушылардың қатарында бұған дейін де бірнеше рет қан тапсырған қызметкерлер мен мұндай мәнді де игі істі алғаш рет қолға алған донорлар да бар. Аурухана қызметкерлері бұл күні барлығы 30 литр қан тапсырды.

Аурухана әкімшілігі қалалық қан орталығына аурухана қызметкерлеріне ешқандай шықпай, жұмыс орнында қан тапсыруға мүмкіндік бергені үшін алғысын білдірді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

## АСҚЫНДЫРМАҒАН АБЗАЛ

Бауыр жасушаларынан дамиды бауыр ісігі де – аса қауіпті кесел. Оны асқынбай тұрған ерте сатысында – ақ анықтауға болады дейді мамандар. Алматы онкологиялық орталығының онкохирургі Ғалым Сармаш бауыр обырының жиі кездесетін белгілерін атап өтті.



Дәрігердің айтуынша, белгілері әртүрлі болуы мүмкін және көбінесе ерте сатысында, яғни ағзада бас көтерген уақытында аса біліне бермейді.

«Іштің немесе іштің оң жақ жсоғарғы квадрантының ауыруы, бауырдың немесе өт қабының ұлғаюы, тері мен көздің сарғаюы, ас қорыту проблемалары, шаршау, әлсіздік, салмақ азайту, тәбеттің төмендеуі, күйгелектік, ашуланишақтық, денеде жаңа меңдердің пайда болуы немесе тері түсінің өзгеруі – бұл бауыр ісігінің ең жиі кездесетін белгілері», – дейді маман. Осы айқын белгілерді сезінген адамның медициналық көмекке жедел жүгінгені абзал.

«Дәрігер бауыр ісігінің бар-жоғын анықтау үшін ультарадыстық, КТ, МРТ

немесе биопсияны қоса алғанда, түрлі диагностикалық зерттеулерге жолдама бере алады. Бауыр ісігін емдеу аурудың сатысына байланысты. Ісікті хирургиялық жолмен алып тастау арқылы, химиотерапиямен және сәулелік терапиямен емдейді», – дейді дәрігер.

Жалпы, бауыр ісігі – шұғыл медициналық көмекті қажет ететін ауыр дерт. Сондықтан онколог-маман бауыр ісігін ерте анықтап емдеу өмірді сақтап қалуға мүмкіндік беретінін еске салады.

Әзірлеген  
Нұржамал ӘЛШЕВА.





# ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚТЫҢ

Ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету –



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(Басы 1-бетте)

Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері мен қала тұрғындары қаза тапқан

қазақстандық жауынгерлерді еске алу үшін бір минут үнсіздіктен кейін Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қойды. Ардагерлердің құрметіне арналған мерекелік түскі ас кезін-

де әкім майдангерлерді мерекемен құттықтап, ұрыс алаңында және еңбек майданында көрсеткен ерліктері үшін алғысын білдіріп, зор денсаулық, бақыт пен амандық тіледі.

Соғыс және еңбек ардагерлері өздеріне көрсетілген құрмет үшін қала басшылығына алғыс айтып, Алматы тұрғындары мен әрбір қазақстандыққа бейбітшілік пен жақсылық тіледі. Ашық аспан, бейбіт күнде олар соғыс жайлы естеліктерімен бөлісті, өлең оқып, майдан әндерін айтты.

Қаладағы тарихи орындардың бірі 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта әскери техника көрмесі өтті, қала тұрғындары мен қонақтары үшін далалық ас үй ұйымдастырылды, мерекелік концерт қойылып, қазақстандық әртістер майдан әндері мен соғыстан кейінгі жылдардағы әндерді орындады.

Сондай-ақ, Алматыдағы Б.Момышұлы монументіне, Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев мемориалдық тақтасына, Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова, С.Нұрмағамбетов ескерткіштеріне, С.Луганскийдің бюстіне, «Отан ұлдарына мәңгілік естелік» және «Отан үшін шайқаста қаза тапқандарға мәңгілік даңқ» мемориалдарына гүл шоқтарын қою рәсімдері өтті.

Жеңіс күнін мерекелеу Ш.Уәлиханов атындағы скверде және Жібек жолы-Панфилов көшелерінің қиылысында да өтті. Концертте «Алматы әуендері» әртістері, Абай атындағы ҚҰОБТ солистері және басқа да музыкалық ұжымдар өнер көрсетті. Мектептер мен колледждерде әскери қызметшілердің, ардагерлердің қатысуымен «Ерлік сабақтары», сонымен бірге балаларды ар алуан әскер түрлерімен таныстыру бойынша сабақтар және т.б. өткізілді.

Еске сала кеткеніміз жөн, соғыс жылдары майданға 1,3 млн қазақстандық шақырылды. Қазақстанның 100 мыңнан астам сарбазы жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды, 500-ден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды. Қазір Алматыда Ұлы Отан соғысының 56 ардагері тұрады.

Айнұр СЕНБАЕВА.

## ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

## ЕСІМДЕРІ МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Елімізде Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің электронды базасы жасалды

Жеңіс күніне орай Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Qazcontent» АҚ «Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің электронды базасы» жобасын іске қосты.



Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Бұл база – соғысқа қатысқан қазақстандық ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің есімдерін мәңгі есте сақтауға арналған электронды ресурс. Ол El.kz ақпараттық агенттігі арқылы жүзеге асырылады.

База онлайн-режимде толықтырылып, «Ер есімі – ел есінде» ақпараттық платформасында жинақталады. Сонымен қатар, әрбір қолданушы деректер базасын толықтыруға қатыса алады. Ол үшін әрбір оқырман соғысқа аттан-


ған аталары туралы деректерін batyrlargatagzym.el.kz сайтына жүктеп, айтпесе elimai2012@gmail.com поштасына жолдауы қажет.

Ардагер туралы жіберілген ақпаратта аты-жөні, туған жері мен жылы, әскери атағы, соғыстағы ерліктері туралы толық мәліметтерді көрсету керек. Сонымен қатар, фотосуретін де тіркеу қажет.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Қазақстанда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан 237 ардагер ғана қалған. Оның 56-сы Алматыда. Оларға Жеңіс күнінің құрметіне ең кемі 1,5 млн теңгеден материалдық көмек беріледі.

## ӨНЕГЕ

Алматының ардагерлері Тұңғыш Президент саябағына жиналып, осындағы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арнап орнатылған мемориалға гүл шоқтарын қойды. Аталмыш саябақта ардагерлер жиі бас қосады. Сондықтан осыдан үш жыл бұрын ардагерлер Ұлы Жеңісті, өшпес ерлікті дәріптейтін бір белгі болса деп бастама көтерген еді. Көп ұзамай қалалық әкімшіліктің тікелей қолдауымен саябақтың клен аллеясына осынау мемориал қойылған болатын.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!



Рая  
ЕСКЕНДІР

Бұл күнгі іс-шараны республикалық «Генералдар кеңесі», «Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері, соғыс жылғы балалар» қоғамдық қоры, Бостандық аудандық әкімшілігі мен республикалық «Әскери-техникалық мектеп» ұжымы ұйымдастырды.

Барша ардагерлерді республикалық «Генералдар кеңесінің» төрағасы Махмуд

Телеғұсов іс-шараны ұйымдастырушылар атынан құттықтап, Жеңіс туы қолдарыңыздан түспесін деген тілегін жеткізді. Өз кезегінде осынау мемориалдың ашылуына ұйытқы болған генерал-майор Алмасбек Абдрахманов та сөз алып, ардагерлерге көрсетіліп жатқан қолдау үшін Мемлекет басшысына алғыс білдірді.

Саябаққа кешегі күннің бір белгісіндей әскери-техникалар қойылып, оқушылар бүгінгі бейбіт өмірді бейнелеген театрландырылған қойылымдар қойды.

## НЕ?

### «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

Өтетін орны: Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.  
Күні мен уақыты: 12 мамыр, сағат 18.30.  
«Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасын білмейтін жан кемде-кем шығар. Бірақ бұл жолғы сахналық туынды басқа. Ербол мен Меңтай арасындағы сезім бүгінгі күнге сай көзқарас, ой-шешімдер арқылы жаңаша, өзгеше өрбиді.



## ҚАЙДА?

### «ЖАУЖҮРЕК»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.  
Күні мен уақыты: 13 мамыр, сағат 18.30.  
Жанры: драма.  
Жары Балқаштың көңілін күлті еткен, өнері, мәрттігі, кісілігімен ерке де сылқым Ғалияны ғана емес, Көкшетау уезі басшысының ерке қызы, уыздай Татьянаны да өзіне ғашық еткен Балуанның сан қыры туралы.



## ҚАШАН?

### «ҮЙШІК»

Өтетін орны: Мемлекеттік қуыршақ театрында (Пушкин көшесі, 63-үй).  
Күні мен уақыты: 13 мамыр, сағат 14.00.  
Жанры: ертегі.  
Балалар ғажайып орманға тап болып, ондағы тұрғындармен танысады. Олар ертегі кейіпкерлерімен бірге оқиға ішіне еніп, кейіпкерлерге барлық қиындықты бірге жеңуге көмектеседі.







# ТЕҢДЕССІЗ ҮЛГІСІ

## перзенттік борышымыз

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің үйіне барып, қарияларды Жеңіс мерекесімен құттықтады.

### Қала әкімі Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Жеңіс мерекесімен құттықтады



Айнабай  
МӘДИ

Қала басшысы ардагерлерге майдандағы ерлігі, тылдағы ерен еңбегі үшін ризашылық білдіріп, сыйлықтар табыс етті. Сондай-ақ, 9 мамырдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағындағы Мәңгілік алауға гүл қою рәсіміне шақырды.

Ерболат Досаев 16 жасында соғысқа аттанған Бисенғали Жұбаниязовқа арнайы барды. 1942 жылы Рига жаяу әскер учили-

деніңіз сау, тату-тәтті отбасының арасында, жақсы көңіл-күйде отырғаныңызды көру үлкен бақыт. Меніңше, сіздің балаларыңыз бен немерелеріңіз бақытты жандар. Өйткені, өзіңізден, Ұлы Отан соғысындағы жеңіс үшін ортақ болашағымыз жолында қажырлы еңбек етіп, талай игі іс тындырған ақсақал, әулет басшысынан бата алып отыр. Екі жылдан соң мерейтойларыңыз болады. Сіздің 100 жылдығыңызда тағы да кездесіп, тойлауды жазсын», – деді кездесу кезінде Алматы қаласы-

мир Дмитриевич Украинаны азат етті. Харьков пен Кременчугтағы шайқастарға қатысып, Днепрді кесіп өтті. Шайқастың бірінде қатты жарақат алып, майдан даласына қайтып оралмады. Владимир Белозеров ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен наградталды. Бейбіт өмірде де марапаттан кенде болмады. Владимир Белозеров еңбектегі жоғары көрсеткіші үшін «Ленин» орденін алды. Ардагер ұзақ уақыт Алматы үй құрылысы комбинатында жұмыс істеді. Владимир Белозеров әйелі Тамара Ивановна Беловамен өмірдің ащысын да, тұщысын да бірге татты. Владимир Дмитриевич әйеліңіз өмірді елестете алмайтынын айтып, бірлесіп барлық қиындықты еңсергенін тілге тиек етті. Махаббат – өмір сүруге, күресуге, болашақ құруға күш берді. Алматы қаласының әкімі ерлі-зайыптыларды шын жүректен құттықтап, ұзақ ғұмыр мен зор денсаулық тіледі.

«Біз сіздің алдыңызда қарыздармыз, қонақжайлылық, жылы қарым-қатынас, энергияңыз бен өмірге деген сүйіспеншілігіңіз үшін алғыс айтамын. Мұның бәрі махаббаттан басталады: жұбайыңыз екеуіңіз бізге үлгісіздер. Өміріңізде бәрі жақсы болғанын қалаймын, бақытты болыңыздар. Біз де шамашарқымызша шаһарымыздың гүлденуі үшін күш-жігерімізді саламыз», – деді Алматы қаласының әкімі.

Соғыс және еңбек ардагері барлық қазақстандықты Жеңіс күнімен құттықтады. «Быттыр да, биыл да ұйымдастырған мереке үшін рахмет, қуана барамыз! Барша қазақстандыққа жақсылық, денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Жеңісті қуана қарсы ала берейік», – деді ол.

Зұлхарнай Сейітовтің майдандағы тарихы 1942 жылы Свердловск қаласында әскери училищеде оқып, Ленинградқа жіберілген кезде басталды. З.Сейітов алдымен жау танк-



терін жою үшін арнайы дайындықтан өтіп, кейінірек минаны залалсыздандыру үшін саперлік курста оқыды. Ол Сталинград шайқасына, Белоруссия мен Польшаны азат етуге, Берлинді шабуылдауға қатысқан. Оның көптеген жауынгерлік марапаты бар, соның бірі «Қызыл жұлдыз» ордені және «Ерлігі үшін» медалі. Соғыстан соң Омбы ауылшаруашылық институтын бітіріп, биология ғылымының докторы атанды.

Ардагер майданнан, бейбіт

дерге ашық аспан мен бейбіт өмір үшін алғыс айтамыз. Бұл – ең алдымен, сіздердің еңбектеріңіз. Біз үшін 9 мамыр – Ұлы мереке. Жас ұрпақ ерлігіңізді ұмытпайды», – деді Ерболат Досаев ардагермен, оның отбасы мүшелерімен әңгіме барысында.

«Бізді ұмытпағаныңыз үшін рахмет. Қарт адам үшін мұндай кездесу – үлкен мереке» деген ардагер-ғалым: «Еліміз өркендеп, балаларымыз бейбітшілікте, ынтымақта өмір сүрсін. Бар-



щесін бітірген жас жігіт 40-армия құрамындағы бригадамен майданға бет алды. Смоленск маңында алғашқы ұрысқа кірісті. Жеңісті Солтүстік майданда қарсы алды. Қала әкімі Бисенғали Айтжанұлының өмір жолы ерлік, өрлік пен әскери борышқа адалдықтың жарқын үлгісі екенін атап өтті.

«Сізді көргеніме өте қуаныштымын! Быттыр жеңіс күнін тойлау кезінде айтқан сөзіңіз, ақыл-парасатың бен жылы тілегіңіз әлі есімде. Тағы бір жыл өтті, сізді осы мерейлі мерекеде

ның әкімі Ерболат Досаев.

Ардагер ұзақ өмір сүрудің құпиясымен былайша бөлісті: «Қазір жасым 98-де. Денсаулық, бұл – ең әуелі, тәртіп. Мен ерте тұрамын, жаттығу жасаймын, төсегімді жинаймын. Бәрін өзім істеймін, өзіме сенуге тырысамын. Бұл жағдай сергек жүруіме көмектеседі. Менің ойымша, адам әркез ерікті болу керек. Мұны біздің болашақ ұрпағымызға да тілеймін», – деп кеңес берді Бисенғали Жұбаниязов.

Владимир Белозеров 18 жасында майданға аттанды. Влади-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өмірден алған естеліктерін Ерболат Досаевпен қуана бөлісті. Қала әкімі өз кезегінде Зұлхарнай Сейітовті мерекемен құттықтады:

«Адамзат тарихындағы ең қиын да, қатыгез соғыста сіздер, әкелеріміз бен аталарымыз, нағыз батырлық көрсетіп, Ұлы Жеңіске үлес қостыңыздар. Сіз қос ғасырдың куәгерісіз. Біз сіз-

лық қазақстандыққа денсаулық пен амандық тілеймін», – деп ақ батасын берді.

Бұған қоса, ҰОС ардагерлерінің үйіне қала әкімінің орынбасарлары, аудан әкімдері, басқарма басшылары да атбасын бұрды. Жылы жүздесу кезінде олар майдангер-қарияларды мерекемен құттықтап, мықты денсаулық, бақ-береке тіледі.

НЕ?

РОБОТТАР ШАҚЫРАДЫ



Өтетін орны: «Mart Village» сауда-фермерлік орталығы (Рихард Зорге көшесі, 18-үй, 2-қабат).  
Күні мен уақыты: 5 сәуір – 21 мамыр аралығында, сағат 10.00-21.00.  
Алматылықтар көрмеде 50-ден астам роботты, қызықты шоулар көре алады. Сондай-ақ, шеберлік сабағына қатысуға мүмкіндігі бар.

ҚАЙДА?

«КОМЕТАЛАР ЖОЛЫ»



Өтетін орны: «Тенгри-Ұмай» арт-алаңында (Панфилов көшесі, 103-үй).  
Күні мен уақыты: 13 мамыр, сағат 19.00.  
Жанры: биографиялық драма.  
Әйгілі ақын әйел Марина Цветаеваның күрделі де тағдырлы өмірі мен сан қырлы шығармашылығын бейнелейді.

ҚАШАН?

«КАРМЕН-СЮИТА»



Өтетін орны: «Almaty theatre».  
Күні мен уақыты: 13-14 мамыр, сағат 18.00.  
Әлемдік деңгейдегі балет жұлдызы, Маринск және американ театрларының прима-балеринасы Диана Вишнева «Ballet Globe» фестивалі шеңберінде жанды оркестрдің сүйемелдеуімен, «Astana Balle» театр труппасымен бірге Кармен арудың рөлін сомдайды.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ДҮЙСЕНБІ  
15 МАМЫР

## Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Алматы кеші  
6:45 Әсем әуен  
7:45 Жаңалықтар/Новости  
8:00 Таңғы студия  
10:00 Алматы со вкусом  
10:15 Мультфильмы  
11:30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан  
12:40 Үздік әзілдер  
13:30 Телехикая.  
15:00 Күндізгі жаңалықтар  
15:15 Дневные новости  
15:30 Женский кино клуб.  
17:00 Женский кино клуб.  
18:00 Шешімі бар  
19:00 Қорытынды жаңалықтар  
19:30 Итоговые новости  
20:00 Телехикая. Ұлы Селжүктер  
21:00 Телехикая.  
22:00 Мужской сериал.  
0:00 Телехикая.  
1:00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости  
2:00 Шешімі бар  
2:45 Өмір иірімі  
3:25 Дала сазы  
3:50 Алматы тұнған тарих  
4:10 Алматинские истории  
4:40 Алматы кеші  
5:55 ҚР Өнұраны

## QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран  
6:05 «Жәдігер»  
6:25 «Күй-керуен»  
7:00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама.  
Тікелей эфир  
10:00 AQPAPAT  
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая. (Түркия, 2018-2019 ж.ж.)  
11:00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)  
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир  
13:00 AQPAPAT  
13:10 «Жанталас». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)  
14:20 «Әйел әлемі»  
14:55 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.  
15:45 «Aqorda»  
16:00 «Ақжауын». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2021 ж.) (с субтитрами)  
17:00 AQPAPAT  
17:15 «Ауылдастар».  
18:00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)  
20:00 AQPAPAT  
20:35 «ASHYQ ALAN». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.  
21:30 «ЖАНТАЛАС». Телехикая. («Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы, 2022 ж.) (с субтитрами)  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)  
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир  
0:35 AQPAPAT  
1:10 «Сана»  
2:30 «Әйел әлемі»  
3:00 «Ауылдастар»  
3:30 «Жәдігер»  
3:50 Өнұран

## ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны  
05:00 Мегахит. «Голодный кролик атакует»  
07:00 Тікелей эфирде «Оян!»  
10:00 «Бақыттың кілті

еңбекте»  
10:30 Мультфильм. «Феи: Тайна страны драконов»  
11:50 Мультсериал. «Нильс»  
12:00 Телехикая. «Мелек»  
14:00 Тікелей эфирде «АйнаLine»  
15:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»  
16:00 Телесериал. «С меня хватит»  
18:00 Новости.  
18:20 Ток шоу. Итоги  
19:00 Қорытынды жаңалықтар.  
19:20 Ток шоу. Біздің мақсат  
20:00 Телехикая. «Мелек»  
21:45 Телехикая. «Келінжан 3»  
23:00 «Ұйқым келмейді»  
Тікелей эфир!  
00:00 «StartUp KZ»  
01:00 ҚР Өнұраны

## 31-КАНАЛ

05:58 ҚР ӨНҰРАНЫ  
06:00 Әзіл студия  
06:30 What's up?  
07:00 «Күліп ALL»  
08:00 «31 әзіл»  
09:00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы (повтор)  
«Ұшқан ұя» түрік телехикаясы  
11:00 Тұсаукесер! «Құнсыз келін» үнді телехикаясы  
12:10 КИНО. Том Круз в боевике «Миссия невыполнима» (повтор)  
14:50 КИНО. Том Круз в боевике «Миссия невыполнима 2»  
17:30 КИНО. Роберт Дауни мл. фантастическом боевике «Железный человек 2» (повтор)  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 КИНО. Аарон Экхарт в боевике «По долгу службы»  
23:00 «Жапырақтар төгілгенде» түрік телехикаясы  
00:00 «31 әзіл»  
01:00 Индийский сериал «Анулама»  
02:00 КИНО. «Лифт»  
03:30 Әзіл студия  
03:50 1001 Әзіл  
04:00 BALA BATLLE  
04:30 What's up?

## ЕВРАЗИЯ

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:00 Егор Беров, Любовь Толкалина в многосерийном фильме «ВРЕМЯ ДЛЯ ДВОИХ»  
14:10 «НОВОСТИ»  
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 Премьера. Филипп Азаров, Борис Бедротов в многосерийном фильме «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ». НОВЫЙ СЕЗОН  
0:05 Ночной кинотеатр. «СПЕЦНАЗ 2»  
2:10 «НОВОСТИ»  
2:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
2:25 «KÖREMİZ» бағдарламасы

3:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
3:35 «П@УТИНА» бағдарламасы  
До 4:30



## 7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»  
07:30 Т/п «Айна Online»  
08:00 Jaidarman  
09:00 Т/п «Гадалка»  
09:30 Т/с «Сфинксы северных ворот»  
13:30 Т/с «Женский доктор»  
14:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»  
15:30 Battle сөз  
16:10 Әзіл time  
17:00 Т/с «Семейные узы»  
18:00 Т/с «Что делает твоя жена?» Премьера!  
20:00 Телесериал  
21:00 Т/х «Аппак келін»  
21:30 Т/х «Шырғалаң тағдыр»  
22:30 Т/х «Қанатсыз құстар»  
23:30 Т/х «Пәленшеевтер»  
00:00 Т/х «Ұлы дала жанұясы»  
00:30 Т/п «Айна Online»  
01:00 Jaidarman  
01:50 Т/п «Тамаша 7 км»  
02:40 Т/х «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»



## KTK

07:00 ҚР ӨНҰРАНЫ  
07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)  
07:30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ», корей телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском  
08:00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ». Өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском  
10:00 «БЫЛО ДЕЛО»  
11:00 «КИНО ПО ПОНЯТИЯМ», казахстанское кино (худ. фильм) (повтор)  
13:00 «КУРЬЕР ИЗ РАЯ», мелодрама (худ.фильм) (повтор)  
15:00 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском  
17:50 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. Тұсаукесер! С субтитрами на русском  
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!  
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21:40 «КУРОРТ ЦВЕТА ХАКИ», криминальная мелодрама (худ.сериал)  
23:40 «МЕТОД МИХАЙЛОВА», остросюжетная драма (худ.сериал)  
01:25 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)  
02:15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)  
03:00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», телехикая (қайталау)  
04:10-  
04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

## QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Өнұран  
07:05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. «Реал Мадрид» (Испания) – «Манчестер Сити» (Англия)  
09:10 «АЛАМАН». 5 бағдарлама  
09:35 ВОЛЕЙБОЛ. Әйелдер командалары арасындағы Азия клубтық чемпионаты. «Police Sports Team» (Катар) – «Atyrau» (Қазақстан)

11:40 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы  
12:10 Интервью с Михаилом Кукушкиным  
12:35 ДЗЮДО. Әлем Чемпионаты. Әйелдер-48 кг, Ерлер-60 кг  
14:05 «THE RING». 7-бағдарлама. (Абылайхан Жүсіпов)  
14:25 ФУТЗАЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Финал  
16:15 БОКС. Әлем Чемпионаты. Ерлер. (57, 80, 86, 92, 92+ кг)  
19:25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы  
19:55 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы  
20:30 ММА. OCTAGON 43  
23:40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы  
00:35 Өнұран

## balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны  
7:05 «Қане, бізге қосыл!» ойын-сауықтық бағдарлама  
7:15 Анимация: отандық / «Алан мен Қозықа»  
7:40 «Турбозаврлар» Мультхикая.  
8:05 «Дуда мен Дада» Мультхикая.  
8:30 Анимация: отандық / «Пырақтар»  
9:10 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.  
9:25 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама  
9:35 «Фияның перизаттары» Мультхикая.  
9:50 Анимация: отандық / «Экосарбаздар»  
10:00 «Қонжық Расмус» Мультхикая.  
10:25 «Еңбек–ермек» танымдық бағдарлама.  
10:35 «100% қасқыр» Мультхикая.  
11:00 «Жан-жануарлар әлемі» танымдық бағдарлама.  
20:00 «SaraTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы  
21:00 «Осман» түрік телехикаясы  
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00:00 «Жұлдызбысың?» бағдарламасы  
01:10 «Биші қыз» Худ.фильм

## TALIM TV TALIM TV

07:00 Семейный доктор  
07:40 Тәлім History  
08:10 Латын  
08:40 Менің анам, менің әкем  
09:00 Ғибратты ғұмырлар  
09:55 Сау болайық  
10:10 Жүйріктер-мультфильм  
10:20 Простатинор  
10:30 Бабалар сөзі – өсиет  
11:00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау  
12:00 Ұлт саулығы  
12:20 Жиырма бесінші сағат  
13:24 Dental planet  
13:30 Идея  
14:50 Ұлт саулығы  
15:00 «Дода» – көркем фильм  
17:00 Сау болайық  
17:10 Views  
18:20 Әжемнің әңгімесі  
18:30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме  
19:00 Автопортрет  
19:35 Саммари 100 кітап  
19:50 Ұлт саулығы  
20:00 Емен-жарқын  
20:54 Dental planet  
21:15 Ұлт саулығы  
21:30 YouTube Times  
22:30 Orkeni style  
22:55 Views





ЖЕКСЕНБІ  
21 МАМЫР

## Almaty TV АЛМАТЫ

6:00 Әсем әуен  
7:00 Концерт.  
8:00 Мультфильмы  
9:30 Детский кино клуб.  
11:00 Отандық кино.  
13:00 Концерт.  
15:00 Женский кино клуб.  
19:00 Үздік әзілдер  
22:00 Мужское кино.  
0:00 Мужское кино.  
2:00 Алматинские истории  
2:25 Алматинские каникулы  
2:35 Алматы кеші  
3:20 Әсем әуен  
4:40 Алматы кеші  
5:55 ҚР Өнұраны

## QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6:00 Өнұран  
6:05 «Жәдігер»  
6:30 AQPAPAT  
7:00 «Күміс көмей»  
7:35 «Дәуір даналары». Деректі фильм  
8:20 «AQSAҮҮТ»  
8:40 «Көңіл толқыны»  
9:25 «Balapan» ұсынады: «Білім бәйгесі»  
10:00 «Жазықсыз жүрек». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)  
12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»  
13:50 Дисней ұсынады: «Түлкі мен ит». Мультфильм (АҚШ, 1981 ж.)  
15:10 «ГАУНАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама  
16:20 «Құс қанат ғұмыр» Мейрамбек Бесбаевтың концерті  
18:00 «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». Телехикая. (Түркия, 2016 ж.)  
20:00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир  
20:50 Төреғали Төреәлінің концерті  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (Түркия, 2021-2022 ж.ж.) (с субтитрами)  
23:30 «Көңіл толқыны».  
0:40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.  
1:30 «Aqsaуut».  
1:50 «Дәуір даналары». Деректі фильм  
2:35 «Күміс көмей»  
3:20 «Жәдігер»  
3:45 Өнұран

## ХАБАР

05:00 ҚР Өнұраны  
05:00 «Жұлдызды жекпе-жек»  
06:15 Концерт. «Jan syrgut» Құрмаш Махан  
08:00 «Таңбалы тарих - таңдаулы тұлға»  
09:00 «Спорт әлемі»  
09:30 «Культурный контекст»  
10:00 Мегахит. «Нечто»  
12:00 Семейное кино. «Красавица и чудовище»  
13:30 «Балақай»  
14:15 «Әрекет»  
14:45 Телехикая марафоны. «Шашу»  
15:45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен  
17:30 «Маска»  
19:30 «Мандай тер»  
21:00 Информационный канал - аналитическая программа «7 күн»  
21:40 «Отдел журналистских расследований»  
22:15 Мегахит. «Коллекторы»  
00:15 «Киноман»  
01:00 ҚР Өнұраны

## 31-КАНАЛ

05:58 ҚР ӨНҰРАНЫ  
06:00 Әзіл студия

07:00 What's up?  
08:00 Тамаша live  
09:00 «TeleBingo» прямой эфир  
09:25 Готовим с Адель  
10:00 КИНО. «Жажда мести» (повтор)  
13:20 Анимационный фильм «Рапунцель: Запутанная история» (повтор)  
15:30 КИНО. Роберт Дауни мл. фантастическом боевике «Железный человек 3» (повтор)  
18:20 КИНО. Крис Хемсворт в фантастическом боевике «Тор» (повтор)  
20:40 КИНО. Майкл Б. Джордан, Сильвестр Сталлоне в боевике «Крид 2»  
23:30 «Алдараспан»  
01:00 Тамаша live  
01:40 What's up?  
02:20 Әзіл студия  
03:00 1001 Әзіл  
03:30 Ризамын  
04:00 «31 әзіл»  
05:30 What's up?



## ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы  
7:25 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:20 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»  
8:35 «ПРОУЮТ»  
9:25 Софья Ардова, Галина Сазонова в многосерийном фильме «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ». «ТАКСИ ЗЕЛЕНый ОГОЊЕК»  
11:30 «QAIMAK» бағдарламасы  
12:05 «ВСЕ, ЧТО ЗАХОЧЕШЬ». Многосерийный фильм Татьяна Лютаева, Дмитрий Исаев, Екатерина Вилкова, Игорь Лифанов в фильме «ПОЛНОЕ ДЫХАНИЕ»  
18:00 Фёдор Лавров в фильме «НОЛЬ»  
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир  
21:00 Ирина Гришак, Владимир Гориславец, Дмитрий Пчела, Елена Ксенофонтова в многосерийном фильме «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД»  
1:05 Премьера. «ТРИ АККОРДА»  
2:50 «П@УТИНА» бағдарламасы  
3:35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы  
До 4:30



## 7-КАНАЛ

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
06:50 Jaidarman  
07:30 Әзіл time  
08:30 Т/п «Құтты қонақ»  
09:00 Т/п «Измайловский парк»  
11:00 Х/с «Жизнь только начинается»  
15:00 «Кызықты weekend»  
16:00 Х/с «Свадебные хлопоты»  
20:00 Х/с «Звезды и лисы»  
23:50 Әзіл time  
00:50 Т/п «Құтты қонақ»  
01:20 Jaidarman  
02:00 Т/п «Келесі кім?»  
03:00 Т/х «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»



## КТК

07:00 ҚР ӨНҰРАНЫ  
07:05 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»  
07:50 «АЛДАРАСПАН»  
09:30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа  
10:40 «ПОВОРОТ НА

СЧАСТЬЕ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)  
15:00 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы. С субтитрами на русском  
19:20 «18-25», Рахымжан Жақайымның ән кеші  
21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым  
22:00 «БЕЗ ШАНСОВ», криминальная мелодрама (худ.фильм)  
00:00 «КРОВАВЫЙ ТРАНЗИТ», казахстанское кино!  
01:40 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа (повтор)  
02:15 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ» (қайталау)  
03:20-  
04:20 «18-25», Рахымжан Жақайымның ән кеші (қайталау)

## QAZSPORT KAZSPORT

07:00 Өнұран  
07:05 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ  
07:50 «Баскетболдағы бәсеке». Арнайы репортаж  
08:10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасының шолуы  
09:00 КӘСІПҚОЙ БОКС. Девин Хейни – Василий Ломаченко. Тікелей эфир  
12:05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа Лигасы. 1/2 финал. «Севилья» (Испания) - «Ювентус» (Италия)  
14:15 «СҰХБАТ». 8-выпуск. Василий Левит  
14:50 «SPORT REVIEW» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы  
15:25 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы  
15:55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Ақтөбе» - «Каспий». Тікелей эфир  
17:55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» - «Қайсар». Тікелей эфир  
19:55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Тобыл» - «Мақтаарал» Тікелей эфир  
21:55 ВОЛЕЙБОЛ. Ерлер командалары арасындағы Азия клубтық чемпионаты. Финал. Тікелей эфир  
23:55 ФУТБОЛ. Еуропа чемпионаты. U-17. Нидерланды - Англия. Тікелей эфир  
02:00 ФУТБОЛ. «Доп дода» бағдарламасы  
02:40 Өнұран

## balapan BALAPAN

7:00 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Өнұраны  
Анимация: отандық / «Суперкөлік Самұрық»  
7:40 Анимация: отандық / «Су астындағы оқиға»  
8:00 «Әтеш Брустер» Мультхикая.  
8:25 Анимация: отандық / «Дала ойындары»  
8:50 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.  
9:15 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама  
9:40 «Топбасшы Юху» Мультхикая.  
10:05 Анимация: отандық / «Бұзығым»  
10:20 «Саммер мен Тодд, Көңілді фермерлер» Мультхикая.  
10:45 Анимация: отандық / «Балапан түлек»  
10:55 Анимация: отандық / «Тынымсыз шөжелер»  
11:05 «Табиғат сақшылары» ситком  
11:30 Анимация: отандық / «Қызыл мен Күлгін»  
11:40 «Көңілді құндыз» Мультхикая.  
12:10 Анимация: отандық / «Сақалар»  
12:35 Анимация: отандық / «Бала Бекзат»  
12:50 «Көке» ситком.  
13:05 «Джунгли кітабы» Мультхикая.  
13:30 Анимация: отандық / «Білгішбектер»  
13:45 «Саммер мен Тодд, Көңілді фермерлер» Мультхикая.  
14:10 Анимация: отандық / «Балапан түлек»  
14:25 Анимация: отандық / «Шахмат патшалығы»  
14:40 «Дарын мен Айзере» ситком.  
15:00 Анимация: отандық / «Су астындағы оқиға»  
15:20 Анимация: отандық / «Жұлдыздар әлемі»  
15:35 Анимация: отандық / «Тоқты мен Серке» Мультхикая.  
16:15 Анимация: отандық / «Алпамыс»  
16:40 Анимация: отандық / «Тынымсыз шөжелер»  
16:50 «Топбасшы Юху» Мультхикая.  
17:05 Анимация: отандық / «Бұзығым»  
17:20 Анимация: отандық / «Сақалар»  
17:40 «Лесси» Мультхикая.  
18:10 «Көке» ситком.  
18:25 Анимация: отандық / «Бала Бекзат»  
18:40 «Көк орманның еркелері» Мультхикая.  
19:05 «Табиғат сақшылары» ситком  
19:30 Анимация: отандық / «Жұлдыздар әлемі»  
19:45 Анимация: отандық / «Білгішбектер»  
20:00 «Джунгли кітабы» Мультхикая.  
20:25 «Super отбасы» отбасылық бағдарлама  
20:50 Анимация: отандық /

«Алпамыс»  
21:15 «Дарын мен Айзере» ситком  
21:30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.  
22:00 «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.  
22:15 «Лесси» Мультхикая.  
22:40 Анимация: отандық / «Шахмат патшалығы»  
23:00 Анимация: отандық / «Тоқты мен Серке»  
23:20 Анимация: отандық / «Дала ойындары»  
23:55 «Бесік жыры» Өнұран  
0:00 Эфирдің жабылуы



## ASTANA TV

06:00 «Кішкентай келін» телехикаясы  
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Любопытная Варвара» телесериал  
12:20 «Осман» түрік телехикаясы  
13:20 «Алдараспан»  
16:35 «Осторожно, корова» Худ.фильм  
19:10 «Бизнес по-казахски в Африке» Худ.фильм  
21:00 «Осман» түрік телехикаясы  
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00:00 «1bol»  
00:25 «Ащы шындық» тележоба



## TALIM TV

07:00 Views  
08:10 Руханият  
09:00 Айтыс. Алтын қор  
09:30 Саморазвитие с Маржан-коуч  
09:55 Сау болайық  
10:10 «Баланы бала деменің» – Балалар уақыты  
10:20 Простатинор  
10:30 Бабалар сөзі – өсиет  
11:00 Қазақ спортының классикасы  
11:30 Кестелі орамал  
12:00 Ұлт саулығы  
12:20 «Ғибратты саяхат – Индонезия», 1-2-3-бөлім  
13:24 Dental planet  
13:30 Қазақы өңгіме  
14:20 Өнер қырандары  
14:50 Ұлт саулығы  
15:00 Айтыс Strike  
16:15 ТамашаLike  
17:00 Сау болайық  
17:10 Бір дубль  
18:30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме  
19:00 Балалық шаққа саяхат  
19:35 Бақытты отбасы  
19:50 Ұлт саулығы  
20:00 Talim Speakers  
20:40 Сырласайық  
20:54 Dental planet  
21:15 Ұлт саулығы  
21:30 Ғибратты ғұмырлар  
22:10 «Дос» – Талас фильм  
22:30 Пруст сауалнамасы  
22:55 Views




ASTANA TV  
19.10 «Бизнес по-казахски в Африке» Худ.фильм





## СУЛТАН БЕЙБАРЫСТЫҢ ТУҒАНЫНА – 800 ЖЫЛ

Биыл – Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл. Біз бұл тұлға туралы оқулықтардан оқып, Болат Мансұров түсірген «Сұлтан Бейбарыс» фильмінен көріп өстік. Иә, Сұлтан Бейбарыс десе, көз алдымызға бірден кинокартинадан қалып қойған ойлы, әр адымын аңдап басатын, түсі суық, жанары өткір, мысы басым, ақылды, сөзге сараң билеушінің (рөлін сомдаған белгілі актер Нұрмұхан Жантөрин, ал жігіт шағын ойнаған Дәулет Бейсенов) келе қалатыны бар.



# ЖУСАН ИІСІ

## немесе қатардағы құлдан – мемлекет билеушісіне дейін

### ДЕШТІ ҚЫПШАҚ БАЛАСЫ

Көптің ықыласына ие болған бұл кинокартинаның соңына таман Сұлтан Бейбарыс алтын тағын тастап, туған жерінің, қазақ даласының жусан иісін сағынып жолға жаяу шығады. Басына ораған ақ шалмасы, қолында сүйенген таяғы, иығына асқан ала дорбасы, үстінде етегі ұзын көнетоз киімі, аяғында қонышы ұзын қоңыр етігі бар. Фильм басты кейіпкердің алдынан кезіккен жусанда алақанында уыс-тай ұстап, құшырлана иіскеп, өмір бойы аңсаған иісін көзін жұмып, рахаттана ләззат алып тұрған бейнесімен түйінделеді.

Иә, Бейбарыс – өзге елде жүріп сұлтан болса да, туған жердің қара топырағын алтын тақтан да артық көрген, сағынған билеуші болыпты. Қуатты әрі мықты елдің сұлтаны бола тұра, туған жерді аңсағаны соншалық, ол Дешті Қыпшақ даласынан келетін саудагерлерден жусан ала келуін талап еткен деседі.

Ұлы Қыпшақ даласында дүниеге келіп, тағдыр тәлейімен өзге елдің топырағы бұйырған, асқан ақылымен құлдықтан хандыққа дейін көтерілген, Египеттей алып елді 17 жыл бойы билеген Бейбарыс – мәмлүктердің төртінші сұлтаны. Соңғы зерттеулерде оның қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан ақсүйектің тұқымы екені анықталған. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп көрсетілген екен. Сол кезде беріш руы Қырым өңірінде (қазіргі заманда беріштер Атырау облысында қоныстанған) тұрған.

### АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАҒАН

Оның құлдыққа қалай түскендігі туралы екі мәлімет тараған. Алғашқысында кезекті шапқын-

шылық кезінде тұтқындалған десе, екінші мәлімет бойынша әкесінің жаулары оны құлдыққа сатып жіберген дейді. Сол бір құл саудасы қызып тұрған шақта жүздеген қыпшақ баласымен бірге жас шамасы 12–14 аралығындағы Бейбарысты да Шам шаһарының құл базарына әкеліп, саудаға салған көрінеді. Құл базарында Бейбарыс 800 дирхамға сатылады. Көшпелі өмірге әбден машықтанған, желмен жарыса, аттың құлағында ойнап, жебе тарту мен қылыштасу өнерінде алдына жан салмайтын қыпшақтар өзге халықтарға қарағанда өте қымбат бағаланыпты. Бірақ құлдың көзіндегі ақауды байқаған саудагер мәміледен бас тартады. Сосын Бейбарысты мәмлүк әмірі Ала ад-Дин Әйтгін (Айдакин) әл-Бундукдар сатып алады. Жас жігіт сөйтіп әл-Бундукдари деп атала бастайды. Сатып алынған барлық құл Ніл өзенінің Рода аралына жаттығуға жіберіледі, сонда Бейбарыс та әскери қабілеттерімен ерекше көзге түседі.

Оны Мысырдың Айюби сұлтаны байқап қалып, өзінің жеке гвардиясының бір бөлігінің қолбасшысы етіп тағайындайды. Сол кезеңде Бейбарыс басқарған Мәмлүк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға – «кресшілер жорығы» мен моңғол басқыншыларына тойтарыс береді.

Ержүрек мәмлүктердің дәрежесі де өсіп отырған. Алдымен онбасы, содан соң жүзбасы, кейін мыңбасы болған мәмлүк әмір дәрежесіне көтерілген жағдайда бостандыққа ие болатын. Мәмлүктердің арасынан суырылып шығу оңай емес еді. Ал ақылымен, өрлігімен қызметтік өсу сатыларының бәрінен өткен Бейбарыс 1260 жылы Құтыз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, таққа отырып, ең алдымен әскер ішінде темірдей тәртіп орнатқан.

### «БЕЙБАРЫС МЕШІТІ»

Оның билігі тұсында Мысыр бұрын болмаған дәрежеде өркендей бастайды. Тарихшылар Сұлтан Бейбарыс Мысырды билеген жылдары ғылым, білім, ағартушылық өнер гүлденген тұсы деп баға береді. Егін шаруашылығы, саудасаттық дамыған. Ол Египеттің әл-Искандерия (Александрия), Дамietta, әл-Каһира (Каир) секілді ірі орталықтарында сауданың кен етек жаюына барынша жағдай жасаған. Мұнда Венеция, Сицилия, Генуя, Индия, Орта Азияның сауда керуендері мен кемелері тоқтап өтетін. Олардан көп салық түсіп тұрған. Осылайша Бейбарыс елдің әл-ауқатын көтереді.

Ол халық өмірімен етене танысу мақсатында қарапайым киініп, түнгі Каирді аралап жүретін болған деседі. Мысырды бір кездері ашаршылық жайлапты. Сонда Бейбарыс Каир мен Мысыр қаласы маңындағы кедей-кепшіктердің тізімін алдыртып, оларды нанбтарға, әмірлерге, саудагерлер мен байларға бөліп беріп, үш ай бойы тегін тамақтандырсын деп бұйрық еткен көрінеді. Мұның сыртында ораза кезінде 5000 адамға ауызашар да берген дейді.

Бейбарыс өзі билік еткен кезеңде сол дәуірдің озық үлгісімен көптеген зәулім ғимарат, көрнекті мешіттер, медреселер, кітапханалар, биік қорғандар мен қамалдар, көпірлер салдырған. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады. Оның еңбегін бағалаған жұрт оны тіпті «Ұйқы білмейтін ислам арыстаны» деп атаған деседі. Ал Бейбарыс өзінің басты символы ретінде барысты таңдап, барыс бейнеленген жалауды ел нышаны етіп, барыс бейнеленген сакина таққан көрінеді. Тіпті, оның мөрі де барыс бейнесінде болыпты.

1277 жылы Бейбарысты уәзірі қыпшақ Қалауын у беріп өлтірген. Оның сүйегі Дамаскідегі Баб-әл-Барид зиратына қойылады.

### МӘМЛҮКТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ЖӘДІГЕРЛЕР

Быттыр қоғам қайраткері, сенатор әріптесіміз Нұртөре Жүсіп Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығын жоғары деңгейде өткізуді ұсынған болатын. Бүгінде Қазақстан мен Мысыр елі айтулы датаны жоғары деңгейде атап өту үшін қызу жұмысқа бірігіп кірісіп кеткен. Елімізде Сұлтан Бейбарыс туралы деректі фильм түсіріліп, үлкен зерттеу еңбегі әзірленіп жатыр.

Каир халықаралық қазіргі заманғы эксперименталды театр фестивалі шеңберінде Рақымжан Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарыс» спектаклі сахналанады. Мысыр тарихының мәмлүктер дәуіріне арналған араб және қазақ тілдеріндегі энциклопедиясын жарыққа шығарды. Мысырда Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойына арналған пошта маркалары шығарылды. Астана қаласында да Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференция өткізіліп, мерекелік пошта маркалары шығарылады.

Қазір Қазақстан қалаларының біріне, елдімекендердің көшелері мен алаңдарына, спорт сарайларына Сұлтан Бейбарыс есімін беру қарастырылып жатыр. Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Тараз, Түркістан қалаларында мәмлүктер дәуірі туралы сыр шертетін Каирдің Ислам өнері музейінің жылжымалы көрмесі ұйымдастырылады.

Мысыр тарапы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне мәмлүктер дәуіріндегі жәдігерлердің көшірмелерін жасап, сыйға тартады.

Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы шеңберінде көкпар, бәйге, жамбы ату, қазақша күрес, құсбегілік, асық, аударыспақ секілді көшпелілердің ұлттық ойындарының халықаралық турнирлері ұйымдастырылмақ.

Дайындаған  
Нұржамал ӘЛШЕВА.

## ҚҰРМЕТ



## ЖЕҢІС ӘНДЕРІ ҚУАТ СЫЙЛАДЫ

Алматыда ұландықтар әйгілі Панфилов дивизиясының соңғы жауынгерлерінің бірі, Ұлы Отан соғысының ардагері Қайырлы Жоңқабаев пен «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының Алматы қаласы бойынша тыл ардагері Ғалымжан Бакишевтің үйінің ауласында салтанатты іс-шара ұйымдастырып, Жеңіс күні мерекесімен құттықтады.



### Нұржамал ӘЛШЕВА

Кеудесі орден-медальға толы ардагерлерге гүл шоқтары және сый-сияпаттар ұсынылды. Бұл – жас ұрпақтың аға буынға деген ілтипаты.

– Әкеміз биыл 102 жасқа толады. Жылда ұмытпай, арнайы келіп құрмет көрсетіп жүрген Ұлттық

ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына алғыс айтамыз. Әкеміз Жеңіс әндерін тыңдап, ерекше марқайып қалды, – дейді Қайырлы Жоңқабаевтың ұлы Еркін аға.

Ардагерлердің үйінің ауласында Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің оркестрі соғыс жылдарындағы әскери әндерді орындап, салтанатты маршпен жүріп өтті.

## ЕСКЕ АЛУ

## «ӘКЕМ СОҒЫСТЫ ТҮСІНДЕ КӨРЕТІН»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жақында Жетісу ауданының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Филипп Губанов 103 жасқа толып, өмірден озды. Соғыс ардагерінің қызы Наталья Кислыхтың айтуынша, жүзден асқан жауынгердің соңғы арманы – Ұлы Жеңіс мерекесін қарсы алу болған екен. Бірақ мерекеге аз уақыт қалғанда бақылық болыпты.



### Рая ЕСКЕНДІР

– Әкемнің ерлікке толы өмір жолы қашан да жас ұрпақ үшін үлгі екенін ерекше мақтан етемін. Әкем өмірінің соңына дейін ширақ жүрді. Анам қайтқан соң, өздігінен өмір сүруді үйренді. Өзі шәйін қойып, тамағын да ысытып іше беретін. Кейде, тіпті аудандық әкімдік тарапынан көмек пен қолдау көрсетілсе, «менен басқа кісілерге көмектеспей ме», – деп кейіп қалатын еді, – дейді әкесін еске алып.

Филипп Губанов 1921 жылы 27 қарашада Новосибирск қаласында қарапайым отбасында дүниеге келеді. Ата-анасы шаруа адамдары болғандықтан, ел қатарлы ғұмыр кешеді. Бала Филипп әскери қызметкер болуды армандап, ақыры мектептен соң танк училищесіне оқуға түседі. Ел басына күн туған

кезде өз еркімен Отан қорғауға аттанады. Майданның нағыз қызып жатқан алғы шебіне түсіп, жау әскерін Германияға дейін тықсыра қуады. Филипп Губанов майдандағы ерліктері үшін «Украинаны азат еткені үшін», «Белоруссияны азат еткені үшін», «Қызыл Жұлдыз», «Ерекше ерлігі үшін», «Жуков» орден-медальдарымен марапатталды. Ал соғыстан кейінгі марапаттары қаншама!

– Әкем кейде шошып, айқайлап оянаттын. Айтуынша, түсіне шейіт болған жауынгер достары, отқа оранған ормандар мен деревнялар кіреді екен. Содан біраз күн қан қысымы көтеріліп, мазасы болмайтын. Өткен күндерді еске түсіргенді ұната бермейтін. Жастау кезінде туған жеріне барғысы келсе, өмірінің соңында Алағатау етегіндегі бір төбеде мәңгілік жатамын деп шешті, – дейді Наталья Кислых.





## ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

# КӨЛІК АПАТЫ

жол ережесін сақтау – қауіп-қатерден аулақ болуға көмектеседі

Қазақстан бойынша 4 миллионнан аса көлік тіркелген болса, соның 500 мыңға жуығы Алматыға тиесілі екен. Демек, темір тұлпар сатып алу жағынан Алматы қаласы алда келеді. Бұл жақсы-ақ жаңалық.



Серік  
ЖҰМАБАЕВ

### Қазақстан жолдары қауіпті

Осыдан біраз бұрын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен твиттерде, кейін Алматы қаласына сапарында мас күйінде автокөлік жүргізгендерді қатаң жазалау керегін тапсырған болатын. Алматы қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент: «Елімізде, оның ішінде Алматыда жол-көлік оқиғаларының көп тіркелетіні алаңдатады. Адамдар қаза тауып, жарақаттанып жатыр. Жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес. Жол қозғалысы мәдениеті айтарлықтай төмендеп кетті», – деп дабыл қағып, аталған жағдайға алаңдаушылық білдірген еді.

Шынында да былай қарап тұрсақ, Қазақстанның жолдары қауіпті болып барады. Статистикаға көз жүгіртсек, өткен жылы елімізде 12515 жол-көлік оқиғасы орын алып, 16 884 адам зардап шекті, 1997 адам қайтыс болды. Оның 184-і – бала. Қайғылы рейтингтің «көшіні» Алматы қаласы және Алматы облысы бастап тұр. Барлық жол-көлік оқиғаларының 40 пайызы аталған өңірлерге тиесілі.

Орта есеппен кейінгі он жылда елімізде 30 мыңнан аса адам қаза тауыпты. Ал он жылға созылған Ауған соғысында бүкіл бір КСРО бойынша 14 мың адам оққа ұшқан. Сонда былай қарасаңыз, көлік «соғысының» зардабы Ауған соғысынан да асып барады. Сондықтан жазаны қазіргіден де күшейтсек, мұның арты жақсылыққа апармайды.

### Жылдамдықты арттыруға болмайды

Жол тәртібін бұзғандарға қатты шүйлігетін Дания мемлекетінде 1000 адамға шаққанда 700–800 көліктен келсе, бізде әрбір 1000 адамға 172 көліктен тиетінге ұқсайды. Енді мынаған қараңыз, аталған елде жол апатынан зиян шеккен 100 адамның 6-ауы ажал құшса, біздің елде көлік қақтығысының зардабын тартқан 100 адамның 18-і мерт болуда.

Жол апаты жағынан биік көрсеткіштерімен жылда алдыңғы қатардан көрінетін аймақтардың біріншісі Алматы қаласы болса, екінші, үшінші орындарда Алматы облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы тұр. Түркістан облысы да төрттіктен түспей келеді.

Жол-көлік оқиғасын тудыруға түрлі жағдайлар себеп болатынын алға тартқан жол сақшылары «ең көп кездесетін тәртіпсіздік жүргізушілердің белгіленген межеден көлік жылдамдығын арттыруы», – дейді. Бірнеше адамның өліміне соқтыратын жол-көлік оқиғаларының да барлығы дерлік көліктердің жылдамдығын шектен тыс арттыруының салдарынан орын алып жатады екен.

Жол апаты салдарынан қайтыс болатындардың саны жөнінен Алматы облысы алдыңғы қатарда тұр. Алматы облысында, әсіресе, жаз айларында суға түсу маусымы басталысымен, демалыс күндері саяжайға, табиғат аясына, жағажайларға демалуға баратындардың саны артуымен қатар, жол-көлік оқиғасының да көбейе түсетіні анықталған.

### Көлік апатына ұшырағанда не істеу керек?

Егер жол апаты орын алса, көлікті дәл сол жерде тоқтатып, «апаттық белгі-шамды» қосып қою керек. Ал апаттан кейін зардап шеккендер болса, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, 103 нөміріне хабарласқан жөн. Осыдан кейін 102-ге хабарласып, полиция қызметкерлерін шақырыңыз. Кінәлі еместігіңізді дәлелдеу үшін куәгерлердің аты-жөнін, мекенжайын, телефонын жазып алыңыз. Егер ЖКО-да зардап шеккендер болмаса және барлық тараптар болған жағдайды бағалауда өзара келіссе, онда жүргізушілер оқиғаны сызбасын жасап, жол апатын ресімдеу үшін Полиция басқармасына бара алады. Келіспеген жағдайда, апатқа ұшыраған көліктерді фото мен видеоға түсіріп алған жөн. Содан кейін сақтандыру компаниясының комиссары мен полиция келгенде жол-көлік оқиғасының схемасы сызылып, әкімшілік хаттама толтырылады. Осы кезде тиісті орган қызметкерінен міндетті түрде апат схемасы мен әкімшілік хаттаманың көшірмесін алыңыз. Бұл ретте сақтандыру компаниясы шығынды өтейді. Ал әкімшілік іс сотта қаралып, тиісті шешім шығарады. Ең бастысы, жолда абай болыңыз!



### Тәртіп сақтаған жөн

Жалпы, мамандардың айтуынша, жол-көлік оқиғаларының көп тіркелуіне жүргізушілердің жылдамдықты шектен тыс арттыруымен қатар, қарама-қарсы бағытқа шығып кетуі, бірін-бірі басып озуға тырысуы, жүргізушінің көлік тізгініне мас күйінде отыруы секілді жағдайлар себеп болатын көрінеді. Сондай-ақ, тиісті орындардың құлағына «алтын сырға» – күре жолдардың тарлығы мен сапасыздығы да жол-көлік оқиғасын тудырудың негізгі себебі көрінеді.

Болжам, жол жүру ережесін бұзатындар үшін әлі де болса тәртіпті қатаңдату керек шығар. Өйткені, бүгінде қала сыртындағы жүргізушілерді былай қойғанда, қала ішіндегі шекті жылдамдық – 60, ал кейбір жерлерде 40 шақырым болса да желмен жарысатын көлік жүргізушілері көбейіп барады. Осының салдарынан айдың күннің аمانында ажал құшатындар қатары азаймай тұр.

### Кешенді іс-шараларды қолға алу керек

Мегаполисте жол-көлік оқиғаларының санын азайту үшін кешенді шараларды қолға алу керек. Қала көшелерінің адам көп жиналатын барлық учаскелерінде қозғалыс жылдамдығын шектеп, қоғамдық көлікте, әсіресе, таксилер мен автобустарда жылдамдықты шектейтін техникалық құрылғыларды орнатқан дұрыс. Сонымен бірге, рульде спирттік ішімдікті пайдалануға толық тәйеушілік қағидатын енгізуіміз қажет. Жол қозғалысы қауіпсіздігі тақырыбын жалпы мемлекеттік/жалпықалалық бағдарлама ретінде қарастыруымыз керек. Мектеп оқушыларын жарық шағылыстыратын білезіктермен қамтамасыз еткен жөн. Тіпті, жаяу жүргіншілерге қараңғыда шағылысатын киім киюді міндетті ететін заң қабылдаған дұрыс. Өйткені, түнде адам көрінбейді. Бұл тұста жарық шағылыстыратын киімдер құтқара алады.

Қазір жолда жүру ережелерін жекеменшік автомектептер үйретіп, жүргізуші куәлігін ХҚКО береді. Осы орайда, жол сақшылары «жүргізушілер дайындауды мемлекеттік орта білім беретін мектептерге қайта табыстау керек» деп отыр. Мүмкін мұны да пилоттық тәжірибе ретінде қолға алып көргеніміз дұрыс шығар.

### Шетелдік тәжірибе қандай?

Оңтүстік Кореяда жол ережесі қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде онда

Әлемде жылына шамамен 2 миллионға жуық адам жол апатынан қайтыс болады екен. Бұл бір қаланың, тіптен кішігірім бір мемлекеттің халқындай адам жер бетінен жойылып кетеді деген сөз. Біздегі жағдай да оңып тұрған жоқ. Елімізде жылына 3 мыңға жуық адам жол-көлік апатынан қаза тауып, 19 мыңнан астам адам мертігіп жатады. Яғни күніне 8–10 адам жол апатынан ажал құшады деген сөз. Соңғы 10 жыл ішінде еліміз аумағындағы жол бойларында 30 мыңнан астам адам опат болып, 156 мың адам түрлі дәрежеде жарақат алыпты. Ең өкініштісі, осындай апат салдарынан жылына 300-ге жуық бала қаза тауып, 2000-ға жуық түрлі дене жарақатын алған.

ЖКО-да қаза болғандар саны азайып келеді. Мәселен, егер 1991 жылы ЖКО салдарынан өлім-жітім бойынша 13 429 адам тіркелген болса, 2010 жылы көрсеткіш екі есе – 6563-ке қысқарды, 2020 жылы бұл көрсеткіш 3781-ді құрады. Қазір 100 мың тұрғынға шаққанда қаза болғандар саны 7 адамды құрайды. Оңтүстік Корея мен біздің елдеріміз арасындағы жолдар айтарлықтай ерекшеленбейді. Олар да біздегідей бетон және асфальтбетон жолдарын салады, қиыршық тасты-мастикалық асфальтбетон қолданады. Бір ерекшелігі, Оңтүстік Корея билігі қауіпті жерлерді көрсету үшін жол жамылғысына түрлі бояғыштар мен қоспалар қосады. Мысалы, сары түс ескерту болса, қызыл түс жылдамдықты азайту қажеттілігін білдіреді. Қауіпсіздік мақсатында жолдарда қысық жолақ кеңінен қолданылады. Оларда егер сіз көліктің қозғалу жылдамдығын 10 пайызға төмендетсеңіз, онда өлім саны 50 пайызға азаяды деген ұғым қалыптасқан. Бізде жылдамдық режимі өте жоғары, Кореяда автожолдарда ең жоғары жылдамдық сағатына 100 шақырым, одан қатты жүруге болмайды. Қала ішінде сағатына 60 шақырым, ал мектептердің жанына келгенде оны 30-ға түсіресіз.

Жоғарыда біз тек ресми деректерді ғана келтірдік. Ал шын мәнінде, жол апаттары бұдан әлдеқайда көп болады. Тек көпшілік жүргізушілер дау-шарды тәртіп сақшыларының араласуынсыз өздері-ақ шешіп алуды әлдеқайда тиімді деп санайды. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін шетелдік тәжірибеге көп мән берсек дұрыс-ақ болар еді.

**ТҮЙІН:** Қала ішіндегі жылдамдықты азайтып, жол сапасының жақсаруына ден қоятын уақыт жетті. Кәріс ғалымдарының зерттеуінше, жылдамдықты 10 пайызға қысқарту арқылы адам өлімін 50 пайызға азайтуға болады екен. Осындай озық тәсілдерді қолдану арқылы еліміздегі жол-көлік оқиғасына тосқауыл бола алсақ, қаншама адамның өмірін қауіп-қатерден сақтап қала аламыз. Сонымен қатар, көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге де ережені бұзбауға шақырып, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бақылауды күшейткен жөн. Тек тиісті жол ережесін сақтау ғана қауіп-қатерден аулақ болуға көмектеседі.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Медет ӘБІЛДАУЛЫ,  
көлік жүргізуші:

### Көлік жүргізу мәдениетін көтеруіміз керек

Бірінші кезекте жолдардың сапасына мән берілуі керек. Екіншіден, жүргізуші куәлігін сатуды доғарып, оны беруді қатаң бақылауға алуымыз тиіс. Куәлік сатылса, онда жол ережесі мен қауіпсіздікті сақтау туралы не айтуға болады? Үшіншіден, заң қарапайым адамдар үшін емес, барлық азамат үшін жұмыс істеуі қажет. Өйтпесе, бізде байдың балалары ішімдік ішіп, есірткі қолданып көлік жүргізсе де, тіпті адам қағып мерт қылса да, ештеңе болмайды. Мұндай кезде жазаны барынша қатайтқан дұрыс. Оның үстіне, бізде көлік жүргізушілері бір-бірін құрметтемейді. Германияда, Австрияда көліктер баяу жүреді, бір-біріне кедергі жасамайды.

Ал Алматыда бәрі асығыс, қалай болса солай жүреді. Біреудің алдына түсіп алсаң сигнал беріп, жұдырық ала жүгіреді. Нәтижесінде баяу жүрудің орнына көліктері соқтығысып, тоқтап тұрады. Ақырында жол полициясы өлшеп, қағаз толтырып, ұзақ уақыт кептеліс жасайды. Сондықтан мұны шешу үшін халықтың көлік жүргізу мәдениетін көтеруіміз керек. Онсыз мәселе шешілмейді.

Жұмажан ЖАНБЫРОВ,  
техника ғылымының  
докторы, профессор:

### Көлікте телефонмен сөйлесу өте қауіпті

Бізде автокөлік мектептері тек ақша табуды ғана көздейді. Олардың жауапкершілігін арттыруымыз тиіс. Оның үстіне, қазір нашакор да, психикасында ауытқуы бар адамдар да көлік жүргізе беретін болды. Оларға көлік жүргізе алатындығы туралы анықтама алу түк емес. Медициналық анықтама да коммерцияға айналып кетті. Жеке клиникалар көп, оларға ақшасын берсеңіз, кез келген анықтаманы бере салады. Сондай-ақ, жол қозғалысы ережесін ерескел бұзғандарды өмір бойы жүргізуші куәлігінен айыру керек. Өйтпесе, осы жылдамдықты асырғаннан қаншама адам мүгедек болып, тіпті өліп кетіп жатыр. Бұл – ауыр өкініш. Сосын қалада қоғамдық көлікті арттыру қажет. Адамдарды жеке көлікке емес, автобустарға отыруды үгіттеген дұрыс.

Жүргізушілердің рөлде отырып алып SMS жазуы, телефонда сөйлесуі өте қауіпті жағдай. Мұндай кезде апатқа ұшырау ықтималдығы артады. Бірақ бізде өкінішке орай, осылардың салдарынан болатын жол-көлік оқиғасының статистикасы жүргізілмейді. Өйтпесе, дамыған елдерде мұндай әрекет үшін 15 күнге қамау жазасы қолданылады. Бұған да ерекше назар аударымыз керек.





«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 5 маусым, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе, 1., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).  
**Лоттар саны** – 356 дана.  
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.  
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А офис, 1 немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 3 маусым, сағат 18.00-ге дейін.  
**Сауда-саттықты өткізу әдісі** – Голландтық.  
**Бағаны өзгерту қадамы** – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 5 маусым, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).  
**Лоттар саны** – 996 дана.  
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.  
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 3 маусым, сағат 18.00-ге дейін.  
**Сауда-саттықты өткізу әдісі** – Голландтық.  
**Бағаны өзгерту қадамы** – 2%.  
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

## ТӘРБИЕ

# Қазақша like

**Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты Алматы қаласы №11 мекемесінде «Жартақ Қазақстан» қайырымдылық қорының қолдауымен қазақ тілін үйреніп жүрген сотталған жасөспірімдер арасында «Қазақша like тамашалайық!» интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды.**

Мемлекеттік тілді үйрену, насихаттау мақсатын көздейтін бұл зияткерлік ойынына жазасын өтеп жат-

қан балалар аса қызығушылықпен, ынтамен қатысты.

– «Жігер», «Талап» болып екі топқа бөлінген қатысушылар қазақ тілінде грамматикалық сұрақтарға қазақша жауап беріп, мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, мәнерлеп өлеңдер оқып, түрлі тақырыпта мәтін құрастырып, білім-білігін ортаға салды, – дейді балалар колониясы жанындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Әлішева.

Екі топқа біріккен орыс, латыш, неміс, шешен этносының балалары барлық өнерін қазақ тілінде жатық көрсеткеніне қазылар алқасы да дән риза болды. Тартысты өткен тіл додасында екі топқа тең дәрежеде ұпай беріліп, сыйлықтармен марапатталды.

## Жас буынның құрметі

**Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыста Жеңіс Туының желбірегеніне, міне, биыл 78 жыл болды. Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін үлкен мереке.**

Біздің аталарымыздың батырлығы мен жанқиярлық ерлігі, олардың Отанға деген сүйіспеншілігі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болуға тиіс.

№11 мекеме жанындағы орта мектептің тарих және құқық пәнінің

Н.ӘЛІШЕВА.

## КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!

**«Голубой парус» білім беру мекемесіне:**  
\* аспаз;  
\* тәрбиешінің көмекшісі керек.  
Тел.: 8 (727) 271-32-12.

**Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжіне:**  
\* кадр бойынша инспектор;  
\* кадрлар бөлімінің басшысы (персоналды басқару) керек.  
Тел.: 8 (727) 392-37-42, 8 747 475 21 97.

**«ВИТТЕВЕЕН+БОС КАС-ПИАН» ЖШС-не:**  
\* бухгалтердің көмекшісі керек.  
Тел.: 8 (727) 341-09-96.

**«Көктем» шипажайы» АҚ-ға:**  
\* медбике, медбрат;  
\* аспаз керек.  
Тел.: 8 771 819 50 98.

**«Қорған орталығы» ЖШС-не:**  
\* бухгалтер керек.  
Тел.: 8 (727) 376-42-95, 8 701 720 51 10.

**«ЭМИЛИ» медициналық орталығы» ЖШС-не:**  
\* іс жүргізуші керек.  
Тел.: 8 (727) 376-42-95, 8 747 837 59 05.

**«АСТАНА-МОТОРС» мотор компаниясы» ЖШС-не:**  
\* эколог керек.  
Тел.: 8 (727) 330-72-73.

**«Қазтелерадио» АҚ-ға:**  
\* экономист;  
\* сатып алу жөніндегі маман;  
\* заңгер;  
\* телекоммуникация инженері керек.  
Тел.: 8 (727) 244-45-00.

**С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне:**  
\* персонал бойынша менеджер керек.  
Тел.: 8 (727) 338-70-58.

**«МЕТРОПОЛИТЕН» КМК-на:**  
\* аумақты тазалаушы;  
\* өндірістік үй-жайларда тазалаушы керек.  
Тел.: 8 (727) 396-87-51.

**«Maksat Med»:**  
\* логопед-дефектолог;  
\* медбрат іздейді.  
Тел.: 8 701 611 90 21.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.

Қызметтестері және достары Алматы қаласында басшылық қызметтер атқарған, мал дәрігер маманы  
**Хасен Медхатұлы ТӨЛЕЕВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жобалаушылар Ұлттық қауымдастығы «Метропроект» ЖШС директоры Мұратбек Нағыметұлы Құлбаевқа жұбайы **Мая Аллаярқызы ТӘЛКЕНОВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

### ЕГЕР:

\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

**8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

### ЕГЕР:

\* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:**  
**8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**

**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12.  
e-mail: d\_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –  
**Алия ЕСИМХАНОВА**  
e-mail: dalemesh@vecher.kz  
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
alatayaqparat@mail.ru  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
**Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.**





## ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

## «САРЫАТАН-ЗАУЗА»


шаруаға сауын сиырларын жабулатып, қораларын бүтіндеткен амал

Сәрсенбек  
БЕКМҰРАТУЛЫ

Майлы ішек атанған мамырдың алғашқы он күні артта қалды. Мамырда малдың ішегіне май жүгіретін болғандықтан да бұл ай осылай аталған. Жалпы, бұрынғылардың айтуынша, бұл айдың атауы көп. Кешегі кеңестік дәуірде май айы дедік. Қазір мамыр дейміз. Бабаларымыз зауза деген. Сәуір, құралай деп аталған кездері де болған.

Өткен жолы пайымымызда құстардың жұмыртқа шайқап жатқанын, енді 3-4 күнде балапан шығаратынын айтқанбыз. Солай болды да, бір-екі күннен бері саябақтардан, көше бойларындағы терек пен кара ағаштардан құстардың даусы естіле бастады. Бұл ызғарлы желі мен өткінші жаңбыры бар «Қызыл жұмыртқа» амалының ойдағыдай өткенін білдірсе керек.

Өткенде шет жағасын айтқан «Сарыатан-Зауза» амалы кешеден бері көрініс берді. Ол мамырдың 15 жаңасына дейін жалғасады. Сарыатан – түйенің аты, Зауза – қыз баланың есімі. Қазекен әр әңгімесін аңызға тіреген, соның аңызбен түйіндеген халық қой. Бұл амал туралы да шындыққа бергісіз аңыз бар. Онда былай делінеді: Сарыатанға мінген, желең киінген Зауза қыз Құрбан айтта қыдырмақшы болып (тағы бір аңызда отынға барғанда), заулатып келе жатып жолда үсіп өліпті. Атан мен қыздың опат болуы күннің



**Амалдың тәмсілі:**  
**«Жабу басында жал қалады, жал қалмаса жан қалады»**

салқындығынан болған дейді. Қыздың киімі жұқа екен, атан ерте күзелген көрінеді. Мамырдың ортасына таманғы ызғарлы аптаның «Сарыатан-Зауза» аталуына осы оқиға себеп болған деседі. Осыдан кейін «Сарыатан-Зауза» өткесін ғана түйені күзеуге болады, өйтпесе түйе малы суыққа ұрынып, үсіп өледі» деген тұжырым жасалыпты. Қазақ халқы «жабу басында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деп сауын сиырларын жабулап, қораларын бүтіндейтін болған.

Амалдың «сары шыбыжық» деген де атауы бар. Бұл торғайдың аты. Шыбыжық торғай зауза амалы мезгілінде қойдың үстіне қонып

алып сайрайды әрі құрт теріп жейді. Боз шымшық, сары шымшық, шыбыжық. Бұлар сары торғай тұқымдасына жатады. Шыбыжық жыл құсы. Құрт-құмырсқамен қоректенетін кішкене сары торғай. Ол көктемде ұшып келіп, күзде қайта қайтып кетеді. Маңғыстау өңірінде шымшықтың сары шыбыжық, көк шыбыжық деген, т.б. түрлері бар. Осы амалға қатысты «Отамалы – ойылған қыс, сәуір – сәнді қыс», «сарыатан-зауза» сенен де қорқам» деген сөз қалған.

Зауза деген қоныз да бар. Қаттықанаттылар отрядының такта мұрттылар тұқымдасына жататын жәндік. Бұл қоныз туралы өткен пайымда айтқанбыз. Негізінен Еуразия құрлығында кең тараған (36 түрі белгілі). Қазақстанда 2 түрі ұшырасады: шығыс зауза қонызы және батыс зауза қонызы. Тәуіптер мен емші әжелер зауза (қоныз) майын жинайтын болған. Ол барлық ауруға ем көрінеді.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша мамырдың – 11-і, ай есебінше, 21-і, ал қазақша – 7-сі. Апта айдың басы мен ортасына деп келіп, соңғы онкүніне иек артып тұр. Аспан денелерінің қозғалысына қарағанда, күн жылынғанымен ертелі-кеш салқын сақталуы мүмкін...

## БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

## ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- Күн кенет ысып кетсе, жауын жауады.
- Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- Аңызға – қыста болатын аяздың белгісі.
- Жұлдыздар жарқырап тұрса, ертеңгі күн ыстық болады.
- Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

## ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

## Білімнің – ең мықты қаруың



Қытайдағы ең ауқатты адамдардың бірі – Джек Маның ұлына жазған хатынан үзінділер берейік. «Саған айтатындарымның барлығы менің өмір жолымда кездескен кедергілерден алған сабақтарым, сондықтан осы сәтсіздіктерімді қайталамауың үшін пайдасы болар деп ойладым», – дейді ол.

■ Сені жақтырмаған, саған нашар көзқараспен қараған адамдарға ешқашан ренжіме, өйткені саған анаң екеуімізден басқа ешкім де борыштар емес.

■ Табысқа жеткен көптеген кәсіпкердің білімі орташа болған, бірақ бұл құлшына үйренбеген адам да табысқа жете алады деген сөз емес. Есінде болсын, балам, білімнің – ешкім сенен тартып ала алмайтын ең мықты қаруың. Адам білімсіз де кәсіп ете алады, бірақ оны білімсіз бәрібір дамыта алмайды.

■ Қалған өмірімде мен саған «мені бақ» деп талап қоймаймын, дәл сол сияқты сен кәмілеттік жасқа жеткен соң менің де жауапкершілігім аяқталады. Өмір бойы қоғамдық көлікпен жүресің бе, әлде «Мерседес» мінесің бе, қара көже ішесің бе, әлде шылқыған май жалайсың ба, ол өз қолыңда!

■ Әрқашан уәдеге берік бол, бірақ басқаларға бұл талапты қоя алмайсың. Басқаларға үнемі ілтипатпен қара, бірақ басқаларға да өзіңе жақсы көзбен қара деп талап қоя алмайсың. Сен оларға қалай қарасаң, олар да саған солай қарай бермейді. Егер осы ақиқатты жете түсіне алмасаң, өмір жолыңда келеңсіздіктерге ұшырай бересің.

■ Өмір бір-ақ рет беріледі. Сондықтан туыстарыңды, жанашыр жақындарыңды қадірлей біл. Екеуіміз де мәңгі бірге бола алмаймыз, қара көз жұмылған соң ешқашан қауыша алмаймыз.

## Адал еңбектің наны тәтті

Тау етегіндегі қара жолдың бойында жуа сатып отырған бозбаланың Тик-токтағы видеосы миллиондаған қаралым жинап, көптің ыстық ықыласына бөленді. Видеоны парақшаларында жүздеген адам бөлісті.



Тау жуасын сатып отырған Айарыс есімді қазақ баласының жанына таяп барған видео авторы Ернар Алмабек:

– Не істеп отырсың? – деп сұрады.  
– Сауда жасап, – деп жауап берді Айарыс.  
– Бұл не?  
– Жуа ғой. Сарымсақ.  
– Бұны қайдан алдың?  
– Анау таудың басынан теріп келдім.  
– Өзің тердің бе?  
– Иә.  
– Сабағыңа кедергі келтірмей ме?  
– Жоқ. Түстен кейін шығамын.  
– Өзіңе ұнай ма, бұл жұмысың?  
– Иә. Табиғатта. Әсем жерде. Таза ауада.  
– Айарыс, менің суретке түсіретін әдетім бар еді. Кел, кішігірім фотосессия жасап берейін саған.  
– Мейлі, – деді 10-сынып оқушысы Айарыс деген бойшаң, көрікті бозбала.

Видеонің астына жазылып жатқан пікірлерде шек жоқ десек те болады. «Адал еңбек адамды сүйкімді етеді. Еңбегі жансын!», «Адал еңбегінің рахатын көрсін. Басқа жасөспірімдерге үлгі болсын», «Ол жуаны сен термесең, бекер өсіп, шіріп кетеді. Пайдаға асырып жүргенің үшін өте қуаныштымын» деген жазбалар бар. Енді бірі «Бұл – «Қызыл кітапқа» енген жуалар. Байқа, абайла!» деп алаңдаушылық білдіріп жатса, енді бір топ «Бұл көпжылдық өсімдік қой, қайта өсіп шығады. Бастысы – адал еңбек етіп жүр», «Бүгінгідей заманда бұзылып кетпей, адал жолмен ақша тауып жүргенің үшін ризамын. Керемет, таза еңбек!», «Бос, ерігіп, ата-анасына масыл болғаннан еңбекпен нан табуды білгенің қандай жақсы», «Жаным, алтыным, түбі үлкен адам болады!», «Үйде жатып сотқа шұқыламай, еңбектеніп жүргенің айтсаңшы. Аман жүр, айналайын!» деген лебіздерімен арашалап алып жатыр.

Нұр ЖАМАЛ.

